

SAIGA NEWS

Ақбөкеннің экологиясы мен қорғау мәселелері жөнінде мәліметтер алмасу үшін 6 тілде шығарылады




Сурет: Е. Головановіч

Қазақстанда кедергілер ақбөкеннің қоныс аударуына қауіпті

Штеффен Цутер, ҚБСА, steffen.zuther@acbk.kz

Сайга Ньюстің (SN №№ 15, 16) сандарында жарияланған мақалаларда Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы шекарада Үстірт қыратында қоршау орнатылғаны туралы айтылған болатын. Онда бөкендердің үстірт популяциясын қоныс аудару процесіне әсер ететіндігі туралы сөз болған. Ол 2011 және 2012 жж. Спутникті ошейниктер кигізілген бірқатар жануарлардан алынған мәліметтер арқылы дәлелденді. Бұл мәліметтер ақбөкендердің қоршау бойымен әрі қарай өту жолдарын ізден жүргенін толық байқатады.

Соңы2-ші бетте.



Жануарларға зиянын тигізбейтін тікенек сымдардан жасалған қоршаудың мысалы. В-варианты Үстірт қыраты үшін арнаулы қабылданған.

Қаржылай көмектері арқасында шығарылды:

МАЗМҰНЫ

Негізгі мақала

Цутер Ш. Қазақстанда кедергілер ақбөкеннің қоныс аударуына қауіпті 1

Жаңалықтар

Цутер Ш., Шмаленко А. Қазақстанда жабайы жануарлардың аурулары туралы семинарлар 3

Цутер Ш., Лукановский О. Ақбөкеннің бетпақдала популяциясы ареалы территориясында УҚТТ-ны қолдау 4

Григорьев В. Неден бастау керек немесе балалар ойыны дүниені өзгерттеді 5

Айтбаева А., Шивалдова Н.С. Ақбөкен күні-2014 6

Чимеддорж Б. Сирек кездесетін моңғол ақбөкеніне аңшылық жасаған браконьерге үкім кесілді 9

Дорвард Л., Дамерель П. Ақбөкеннің ресурстық Орталығының сайты жаңарды 10

Баспаөздерден:

«Степной» қорықшасында ақбөкендердің «төлдеу үйі» қорғауға алынған.

Қазақстанда ақбөкендер басы 1/3 есе өсті!

Қазақстанда ақбөкенді заңсыз аулау ұйымдасқан қылмыстар формасына айналды.

Іздеуші иттер контрабандылық ақбөкен мүйіздерін табуға көмектеседі.

Өзбекстанда ақбөкен бейнеленген марка шықты.

Мақалалар

МакКенн Р., Есипова О. Бірігіп сурет салайық – адамдар және Өзбекстан табиғаты 12

Цянь Хуань және басқалар. Қытайда ақбөкен өнімдері дәстүрлі қытай медицинасы базарында 14

Франов Н.А. және басқалар. Астрахань облысында күйлеу кезінде табиғатқа ақбөкеннің текелерін жіберу 16

Ягодин В.Н., Амиров Ш.Ш. Үстірт қыратында көне дәуірдегі аңшылық құрылыстар 18

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі

Юрий Грачев, Қазақстан 20

Хабарландырулар

Табиғатты қорғау саласында жас мамандар үшін ақбөкенді сақтау Альянсының сыйлығы 21

Ақбөкенді қорғау ісіндегі табыстары үшін сыйлық, АСА-ның донары және досы Джой-Ковейді еске алу 23

Антилопаларды сақтау жөніндегі жұмыстары үшін Давид Маллонды Лондонның зоологиялық қоғамы марапаттады 23

Соңы (басы 1-ші бетте)

Ақбөкеннің қоныс аударуы үшін тағы бір проблема – Жезқазған мен Бейнеуді жалғастаратын жаңа теміржол салу; ол ақбөкен таралу аймағында бетпақдала мен Үстірт популяцияларын екі жерден кесіп өтеді. Қазақстанның темір жол компаниясының бұл темір жол жобасы шамамен пайдалануға 2016 жылға қарай берілуге тиіс еді, бірақ 2013 жылы құрылыс жұмыстарының көп бөлігі біткен. Темір жол рельстерін төсеу мен басқа жұмыстарда аяқталған.

Осындай қауіпке байланысты, АСБК (ҚБСА) Қазақстанға келуге халықаралық эксперт Кирк Олсонаны шақырды. Ондағы мақсат – шекаралық қоршауды, темір жолды салуға байланысты мәселелерді зерттеу үшін мүдделі жақтармен бірнеше кездесу өткізу, сонымен бірге ақбөкенге әсер ететін жағдайларды жеңілдету үшін қажет болатын мүмкіндіктерді қарастыру болып табылады. Бұл жұмысты қоныс аударатын түрлер конвенциясы (CMS) мақылдаған және Қазақстанда жүзеге асқан бірлескен екі жоба арқылы жүзеге асқан: негізінен, Франкфурттың зоологиялық қоғамы мен құстарды қорғаудың Королдік қоғамы қаржыландырған «Алтын Дала» табиғат қорғау Инициативасы жүзеге асырса, сондай-ақ фауна мен флораның халықаралық қоры (FFI) USAID көмегімен орындаған Үстірттің ландшафттарын сақтау Инициативасы жүзеге асырған.


Екі жетілік командировка кезінде негізгі мемлекеттік ұйымдармен, өндірістік компаниялармен, қаржылық ұйымдармен және Қазақстанның шекаралық мекемелермен консультациялар жүргізілді. Жалпы, барлық мүдделі жақтар ақбөкенді сақтап қалу идеясын қолдады; әрі көрсетілген инфрақұрылыстардың әсер етуін жұмсарту мәселесінде ашық пікірлер айтылды. Соның нәтижесінде көлемді баяндама (доклад) дайындалды; онда жануарлардың қозғалысына әсер ететін қолайсыз жағдайларды болдырмаудың бірнеше варианттары көрсетілді; сондай-ақ шекаралық қоршау және темір жолдар туралы ұсыныстарда берілді.

Баяндама бойынша, шекаралық қоршаудың әсерін жеңілдету үшін қоршалған сымның төменгі қатарын алып тастау болып табылады. Бұл шара ақбөкендерге немесе басқа да жануарларға қоршаудың астымен өтуге мүмкіндік береді.

Темір жол проблемасы – сондай қиын және сол аспектілердің бірі – жабайы жануарлар үшін темір жол физикалық кедергі есебінде саналады. Темір жол жиегіндегі үйінділер онша тік болмаған жерлерде ақбөкендер өтетін арнаулы өткелдер жасауды АСБК ұсынуы; ол қоршаған рельефіне сәйкес келеді. Бұл жануарларға темір жолдың әсерін төмендетуге тиіс, әсіресе, оны кесіп өтуді жеңілдетеді. Жоспардың документтерінде 86 өтетін пункттер (өткелдер) көрсетілген. Бұдан басқа

да, акбөкендерге едәуір зияндарын темір жолмен байланысты, әсіресе, халық қоныстанған елді пункттер және темір жолдармен параллель жергілдікті жолдар сияқты қосымша инфрақұрылымдарда тигізеді. Мұнда үй малдары мен иттерде де конфликтілер болуы мүмкін. сондай-ақ темір жол бойындағы станцияларда браконьерлердің тұрағы болуы да ғажап емес. Сонымен, ұсынылған ұсыныстардың бірі – акбөкендердің көп мекендейтін қоныстарда, темір жол бойында, жұртшылық мекендейтін елді пункттер болмаса, ондай жерлерде станциялар салуды жоспарланған документтерден алып тастауды ұсындық. Қазірде бұл ұсыныс қажетті мемлекеттік органдарда қаралуда.

Ал, шекаралық қоршау жайында, шекаралық қызмет ұйымдары мынадай шараларды іске асыратын болды: акбөкендер өтетін шекаралық қоршаудағы сымдардың төлангі қатарын алып тастайтын болды, ол үшін 138 шақырым қашықтықта ұзындығы бір шақырым болатын



Бетпақдала популяциясы мекендейтін территорияда жоспарланған теміржол өткелі өтетін участок. Қазірде «Промежуточная» станциясында адамдар қоныстанбаған.

интервалдар пайда болады; олар Арал теңізі жағасынан басталады да, одан әрі 138 өткелдер (акбөкегдер өтетін) болады.

Жаңалықтар

Қазақстанда жабайы жануарлардың аурулары жөніндегі семинарлар

Штеффен Цутер, Алена Шмаленко, АСБК, steffen.zuther@acbk.kz

Соңғы жылдары акбөкеннің жаппай қырылуының қайталануына байланысты 2013 жылдың қараша айында Астана қаласында ветеринария ұйымдарының өкілдері үшін 2 оқыту семинары өткізілді. Семинарларды БҰҰ-ның (ООН) Азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымдары (ФАО) және ҚР-сы АШМ-нің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетімен бірлесе отырып Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы (АСБК) өткізді.

Акбөкендердің орал және бетпақдала популяцияларындағы бұрынғы жаппай қырылу оқыйғасы мынаны көрсетті: ол жағдай ведомствоаралық коммуникацияларды жақсартуға және бұл салада бірлесіп жұмыс атқаруға болатындығын байқатты. Осыған байланысты, сезіну механизмдерін жақсартуға және жабайы жануарлардың аурулары туралы мәліметтеріне арналған Астанадағы семинарларға әртүрлі ветеринариялық ұйымдар мен лабораториялардың өкілдері шақырылды. Сондай-ақ программа бойынша өлген жануар сойып көрсету, үйрену процесі де өткізілді.

Бірінші семинарда акбөкендер арасында жаппай өлім-жітімдер басталған кезде атқарылатын стандартты процедуралар келісіліп, бектілген. Қатысушылар керекті құралдар мен сою протоколдарының стандартты

Формалары тізімдерін алды. Семинарлар нәтижелерінің бірі-жабайы жануарлар жаппай өлім-жітімге ұшарған кезде шапшаң әсер ететін Группалар ұйымдастыру концепциясы жасалды.

Програмасына лекциялар мен оқу-жаттығулар енгізілген екінші семинар жабайы жануарлар мен үй жануарлары арасында таралған ауруларды бақылауға арналған және «Жалғыз денсаулық» («Одно здоровье») концепциясын дамыту.



Лондонның Королдік ветеринария колледжісінің проф. Ричард Кок бірінші семинарда лекция оқуда.

Оған ақбөкен мекендейтін әкімшілік региондардың өкілдері қатысты. Сондай-ақ семинардың мақсаты – жабайы және үй малдары мен адамдарды қамтитын эпидемиологиялық аспектілерге де тоқталу еді. Семинардың аяғында стандартты операциялық процедуралары бекітілді және бірінші семинарда талқыланып, ұсынылған шапшаң қимылдайтын (сезінетін) Группаларды ұйымдастыру концепциясы мақылданды. Семинардың алғында қатысушылар үшін 2013 ж. қыркүйек айында ақбөкендердің жаппай қырылған соңғы ауданына бір күндік сапар ұйымдастырылды. Семинардың нәтижелері мен онда ұсынылған рекомендацияларды осы жылы орындалуға енгізу үшін өкілетті органдармен талқылау жоспарланып отыр.



Сурет АСБК

Екінші семинарда лекция оқылуда.

Ақбөкеннің бетпақдала популяциясының таралу аймағындағы ерекше қорғалатын табиғи территорияларды (ЕҚТТ) қолдау

Штеффен Цутер, Олег Лукановский, АСБК, steffen.zuther@acbk.kz

Ырғыз-Торғай мемлекеттік табиғи резерваты (МТР) (2007 ж. ұйымдастырылған) және МТР «Алтын Дала» (2012 ж. ұйымдастырылған) бетпақдала популяциясының таралу ареалының батыс бөлігін қамтиды және ақбөкеннің күйлейтін және төлдейтін негізгі қоныстарын қамтиды. Соған сәйкес бұл «ЕҚТТ» территориялар браконьерлер жағынан үлкен қауіпке ұшырайды; олардың негізгі мақсаты мүйіздері үшін ақбөкендердің еректерін (текелерін) аулау болып табылады.

Осы екі (ЕҚТТ) табиғи резерваттардың жұмыстарын қолдау үшін, ақбөкендерді сақтаудағы негізгі қоныстар ретінде әрі олардың тиімділігін арттыру мақсатында, 2013 жылы Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясының (ҚБСА - АСБК), «Алтын Дала» табиғат қорғау инициативасы төңірегінде, кейбір керекті құрал-саймандар алуға мүмкіндігі болды және олардың қызметкерлері үшін соған сәйкес тренингтер ұйымдастыру мүмкіндігі туды. 2013 ж. жазында Ырғыз-Торғай резерватына қазіргі жол талғамайтың автокөлік (браконьерлермен күресте пайдаланады), «УАЗ» микроавтобусы (ғылыми жұмыстар үшін) және техникалық жұмыстарды орындау үшін трактор берілді.

Сондай-ақ «Алтын-Дала» резерваты да қосымша құрал-саймандар (компьютерлер, GPS-навигаторлар,



Сурет АСБК

Екінші семинардағы лекция.

Бинокльдер) алды. Сонымен бірге, инспекторлар мен ғылым бөлімі қызметкерлері үшін тренингтер (жаттығулар) өткізілді. Онда теориялық және практикалық жаттығулар орындалды. Инспекторлар GPS-ті қалай пайдалану керектігін үйренді, картамен жұмыс істеу мен мониторинг жүргізу әдістерін үйренуге тырысты. Қосымша, ғылым бөлімінің қызметкерлері ГИС негізінде үйрену-оқу курстарынан өтті.

Бұл программаны АСБК партнеры – Франкфунттық зоологиялық қоғамы арқылы Грегора Луизо-дердің табиғи органы қорғау фондысы қолдады және ол 2014 жылы да жалғаса береді. Қосымша тренингтерді Соколов-Сарбай-өндірістік – бірлестігі және табиғи ресурстардың Еуроазиялық корпорациясы қаржыландырды.



Сурет АСБК

Ырғыз-Торғай резерваты үшін жаңа автокөліктер.

Неден бастау керек немесе балалар ойыны дүниені қалай өзгертеді

Виктор Григорьев, Gala-Film студиясы, mooglik@mail.ru

Ақбөкеннің Қарақалпақияға-тікелей қатысы бар, Қарақалпақ халқының өмірлік тіршілігінде және этносында маңызды роль атқарады. Ол ертегілерінде, аңыздарында, дәстүрлі кесте тігу өнерінде, молшылықтың, жолы болудың және өсімталдық, дала рухының іске асқан символы ретінде қатысады.

Балалардың дала клубтарының гимны есебінде саналатын визиттік карточка есебінде болатын ақбөкен жөнінде өлең жазу идеясы жас нөкіс композиторы Коблана Эденбаевта туды. Кобланның орындауында өлеңнің премьерасы (тұсау кесірі) 2013 жылы «Ақбөкен күні» уақытында болды.

Кейінірек ағылшыл тілінде бұл өлеңді Лондонның Империял колледжінің студенті Джо Булл орындады. Идеяны қолдап және дамытып, ақбөкенді сақтау Альянсы (SCA) ақбөкен туралы өлеңді клипке түсіруді ойлады. Және біздің творчестволық группа оны жүзеге асыруды қолға алды. Сценарияның операторы және соавторы Александр Клепаловқа анимацияны (хайтуанаттарды бейнелеу) қолдану арқылы клип жасау идеяны ойға келді. Бұл есептеудің соңы болды. Біз мынадай ойға келдік: ойын балалары – інісі мен қарындасының көзқарастарымен ақбөкенге қарау.



Сурет В. Григорьевтікі

Балалар ойыншық ақбөкендермен ойнауда.

Бала машинкалар мен солдатиктермен ойнаса, ал қыз бала жануардың - ақбөкендердің фигуркаларымен ойнауда. Ойын арқылы балалар өздерінің дүниеге деген көзқарастарын қалыптастырады. Олар кішкентай құдай сияқты фигуркалар арқылы адамдар мен жануарларды қозғайды, олардың мінез-құлықтары мен дағдыларын анықтайды. Бала аңшылар жағында болып, ақбөкендер үшін қауіп тудырады – олардың жағына браконьерлерді бағыттайды, техникалық кедергілерді (трубопроводтар, темір жолдар) тудырады, ал қарындасы інісіне қарсы тұруға тырысады, мүмкін болатын әдістер арқылы жануарларды қорғауға әрекет жасайды. Тарих нәзік психологиялық негізде құрылған – мейірімсіздік пен қайырымдылық, ақылсыз әрекеттер пен жүректіліктің қарама – қайшылық негізінде баяндалған. Финалдың соңында балалардың бәсекелесуі тоқталады; кінәлары жоқ жануарларды жоғалтқан кезде екеуінде де қимастық пайда болады және оларды сақтау үміті туады.

Сценариясы жазылып, сцена мен персонаждар (кейіпкерлер), актерлар таңдалып алынған. Олар, негізінен, балалар – жеті жастағы Рустам және



Сурет А. Есеновтікі

Джо Булл студияда өлеңді жазуда.

алтыжастағы Сафина. Түсіруге қажетті ойыншықтарда тез табылды, тек ақбөкендердің фигуркаларын табу проблемасы қалды, оларды қайдан алуға болады? Ақбөкендерді «өмірге» келтірудің бірнеше варианттарын ұзақ іздеуден кейін, біз сымнан қаркастары бар пластилинді фигуркаларға тоқтадық. Бұл әрі жеңіл және тез вариант болды. Бұл міндетті жүзеге асыру үшін барлық творчестволық дағдыларды салу керек болды. Сонымен барлығы дайын болды! Бізге түсіретін құралды Gala-Film студиясы берді; ол үшін біз директоры Галина Виноградоваға шексіз алғысымызды айтамыз!

Балалармен сценаны түсіргеннен кейін сондай ұзақ болатын – хайтуанаттар бейнелерін түсіру болды. Міне, үш жетіге созылған монтаж (құрастыру) бен кемшіліктерін түзеткеннен кейін клип дайын болды! Балалардың ойындары арқылы көрсетілген ақбөкендердің тарихы туралы жұмыс қызықты болды ғой деп ойлаймын. Клипте көрсетілген қыз баланың және оның киіктерінің барлық қиындықтары мен қауіп-қатерлері шынында өмір сүру жағдайларында да кездеседі ғой..! Біздің тарихта жас бала түсінген ақбөкендерді өлтіруге болмайтын ұғымы күнделік өмірде басқа да адамдарға да келеді. Келешекте бізді қызықтыратын ақбөкендер тобы кең байтақ даламызда жортатын болсын.

Клипті жасау жабайы табиғатты сақтау (WCN) ұйымы мен Хьстон зоопаркінің қолдауымен жүзеге асты. Қарақалпақ тілінде ақбөкен туралы клиптің премьерасы 2014 ж. мамыр айында ақбөкен мекендейтін қоныстардағы барлық елді пункттердің барлығында және Нөкіс қаласында көрсетілді.

Ағылшын тілінде клипті көре аласыздар:

<https://www.youtube.com/watch?v=V0wF8KFmOA>

қарақалпақ тілінде нұсқалық өлеңді тыңдай аласыздар:
<http://www.saigaresourcecentre.com/videos/saiga-gimm-the-saiga-and-the-steppe/>



Ақбөкен күні-2014

Міне, Бірнеше жылдан бері ақбөкен мекендейтін елдерде оның құрметіне арналған мейрам – Ақбөкен күні аталып келеді. Бұл күнді мейрамдау – сәуір айының аяғында – мамыр айының басында өтеді. Бұл кезде дүниеге ақбөкен лақтары келеді. Ақбөкен күнін өткізудің мақсаты – жұртышылықтың, әсіресе, жас ұрпақтардың, назарын ақбөкенді сақтау проблемасына аудару, сонымен бірге жұртышылықты осы уникальды жануарларды сақтау үшін қандай шаралар жүзеге асырылып жатқанымен хабарлар ету. Мейрамды өткізу халықаралық фондылардың: People's trust for endangered species, Coins for Change, Disney Canada u Disney Worldwide Conservation Fund қолдауымен жүзеге асты.

Қалмақиядағы «Ақбөкен күні»

Айгуль Айтбаева, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы, saiga-center@mail.ru

Қалмақияда «Ақбөкен күнін» сәуір айында ғажап дала антилопасының көп мекендейтін Яшкөл және Черноземель аудандарында атап өтті. 2013 ж. осы аудандарда дала клубтары ұйымдастырылған болатын: «Тірі мұрагер» («Живое наследие») (пос. Яшкөл) және «Бамб Цецг» (пос. Адык). Биыл осы клубтар ақбөкен күнін өткізуде маңызды роль атқарды.

Яшкөл көпкәсіптік гимназия базасында өткен мейрамға республиканың 6 мектебінен әр жастағы оқушылар шақырылды. Мейрамға қатысушыларды құттықтау үшін Қалмақия Республикасы білім және ғылым министрлігінің, табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны қорғау министрлігінің өкілдері, Жабайы жануарлар Орталығы мен Қалмақия мемлекеттік университетінің қызметкерлері келді. Мейрамға сондай-ақ Ұлыбритания мен Қазақстаннан келген қонақтарда қатысты.

Мейрам қалмақтар өмірінде маңызды оқиғалар болып табылатын қалмақтардың дәстүрлі әдет-ғұрыптарынан басталды. «Ровесник» атты балалар ұйымының, балалары төрт апатқа – Су, Жер, Ауа және Отқа табынып, бастарын иді және қалмақ халқының әдет – ғұрпын сақтауға шақырды. Оның негізіне табиғатқа, оның тірі организмдеріне, ақбөкендерге, жалпы оның барлығына ұқыпты қарау идеялары жатады.

«Тірі мұрагер» дала клубының экологтары дайындаған «Құралай», күнге ұш» театрланған қойылымы мейрамға қатысушыларда үлкен қызығушылық тудырды, үгіт бригадасы «Экос»-тың балалары өздерінің сөздерінде соңғы 30 жыл ішінде ақбөкен санының



Адықтың орта білім мектебі командасы плакаттарды қорғауда.

өзгеруіне көңіл аудартты және барлық қатысушыларды дала антилопасының жойылып кету проблемасына тыс қарамауға шақырды.

Мейрамның екінші жартысы «Экологиялық экспресс – басканың табиғатына кір» ойын – конкурсына арналды; ол мына станциялардан тұрды: «Потическая», «Музыкальная», «Эрудит» және «Художественный». Бұл «станцияларда» балалар Қалмақия табиғатын қорғау жөніндегі өздерінің жақсы білімдерін көрсетті; өлеңдер оқып, ақбөкен жөнінде плакаттар мен ұрандарды суреттеп салды. Сондай-ақ бұл күні «Сақта мені, адам» үндеу конкурсының қортындысы шығарылды. Республика мектептерінің оқушылары өздерінің үндеулерінде ақбөкенге деген сүйінпеншілігін көрсетті және оның дағдыры ойландыратындығын байқатты.

Сондай маңызды үндеулерді «Тірі мұрагер» клубының мүшелері Яшкөл мен Черноземель аудандарының елді мекендеріне іліп қойды.

Ақбөкен күні сондай-ақ Адык поселкасының орта мектеп базасында аталып өтті; оған Яшкөл көпкәсіптік гимназиясы мен Саруль орта білім беретін мектебінің (Черноземель ауданы) Жас экологтары қатысты. Оқушылар үшін қызықты спорттық ойын «Форт Боярд» көрсетілді; ал «Бамб Цецг» клубының мүшелері қатысушылардың барлығына арнап әдеби-музыкалық «Дала сәні - ақбөкен» композициясын дайындады. Мейрамға ерекше мән берген Қалмақия Республикасы мәдениетіне еңбек сіңген поэт Григория Кукарекидің сөз сөйлеуі



Пос. Адыкта ақбөкен күнінде Қалмақ биі.

болды, ол өзінің ақбөкенге арналған өлеңін оқыды.

Қуанарлық жай, биылғы жылы бірінші рет клубтың мүшелері болып мұғалімдер мен оқушылардың ата-аналары енді. Технология пәнінің мұғалімі Владимир Бюрчиев және дала клубы «Бамб Цецг» мүшелері пос. Адыкта ақбөкен күнін өткізген кезде ақбөкен тақырыбына ағаштан кесіп сувенирлер жасау мастер-класын көрсетті. Мейрамның аяқталар кезінде, экологиялық мейрамға Яшкөл поселкасының дала клубының мүшелері ерекше мән берді; олар «Ақбөкенді сақтаймыз!» флешмобин ұйымдастарды, оған балаларда, олардың ата-аналары да немқұрайлы қарай алмады.

Яшкөл пос. мен Адык пос. өткен ақбөкен күнін өткізумен қатар, жабайы жануарлар Орталығының қызметкерлері «Яшкөл» питомнигінде оқушылар үшін лекциялар мен экскурсиялар ұйымдастырды; онда балалар ақбөкендерді тікелей бақылауларына мүмкіндік алды, сонымен бірге Б.Б.Городовикова (Целинный ауданы) атындағы Троицкой гимназиясының төменгі класс оқушылары үшін «Ақбөкенше жүгіру» спорттық эстафетасын өткізді.

Сурет: Акимбаева А.М.



Ақбөкен күні Адык поселкасындағы орта білім беру мектебінде аталып өтуде.

Сөз жоқ, өткізілген шаралардың арқасында, біздің барлық бірлескен жұмыстарымыз өз жемістерін беруге тиіс; келешекте біздің даламызда ақбөкеннің көптеген тобы өмір сүретін болады.

Ақбөкен күні Өзбекстанда: жоғарғы градус

Наталья Шивалдова, ННО Экомактаб, nshivaldova@mail.ru

Үстірттің алыс поселкаларында «Ақбөкен күнін» өткізуді бастағанымызға сегіз жыл болыпты. Биылғы жылы ол «Баркамол Авлод» атты туристік, өлкетану және экология жөніндегі республикалық балалар Орталығының және оның Қарақалпақтағы филиалының, сонымен бірге Өзбекстан республикасы табиғат қорғау мемлекеттік комитетінің қатысуымен өтті. Сондай-ақ халықтық білім беру министрлігі жағынан қолдау табу үшін табысты әрекеттер жасалды. Сәуір айында Қарақалпақияның далалық клубтары сеттеріне қосылған мектептердің мұғалімдерінің қатысуымен семинар-тренинг өткізілді.

Мұғалімдер мейрамды өткізу тәжірибелерімен бөлісті және өткізілетін шаралар программасы талқыладық әрі оған жергілікті жұртшылықты тарту жолдары әңгіме болды.

Көптеген ең танымал конкурстар осы жылдың мейрамдық программасына енді. Мысалы, «Экологиялық экспресс» әртүрлі тематикалық станцияларымен. Әсіресе, көрушілерде танымдық «Халықтық традиция» станциясы ұнады; биылғы жылы балалар қамыстан өрме (циновка) тоқу, түйе жүнінен кигізу басу әдістерін көрсетті. Маңызды нәтиже-жас ұрпақтар кеңес пен көмек алу үшін әке-аналарынан сұра

йды, сондай-ақ халықтық әдет-ғұрыпты сақтаушы ата-әжелерінен сұрайды Сол арқылы мынаны айтуға болады, «Ақбөкен күні» ұрпақтардың байланыстарын қалпына келтіріп, күшейтеді, әділетсіз ұмытылған халықтық әдет-ғұрыптар мен қол өнерлерін қайта тудырады. Ал, ересектер ақбөкенді қорғау мәселесінде қоғамдық пікірлерді қалыптастыру процестеріне тікелей қатысушылар болып табылады. Жаслық поселкасында мейрамның өзіне градус қосқан мәселе, балалар командаларымен қатар конкурстық жарысқа сондай құмарлықпен, жігерлікпен мектеп мұғалімдерінің командасы да қатысты.

Осы жылдың қызықты жаңалығы - № 54 мектепте «Ақбөкенді қорғаушылар» марафоны болды, бұл ұсыныс жоғарғы класс оқушылары – «Ақбөкен» дала клубының мүшелерінен түсті.



Сурет: Н. Шивалдованың

Экологиялық экспресс станция «Традиция». Қырыққыз поселкасы.

Олар қайнап тұрған ыстық күнде далада ақбөкендер қалай жүгіретінін өздерінде сынап, сезініп көруді жөн көрді. Әрине, ұйымдастырушылар балалар үшін аса қауіпті маршрутты таңдап алды. Жол бойында су қойылған столиктер қойылды, марафонға қатысушылармен дәрігері бар автокөлік еріп жүрді. Әрбір қатысушы кезкелген уақытта марафоннан шығып қалуға болатын еді, бірақ барлық балалар толық энтузиазмаға берілген еді. Соңында, командалар финишке шығынсыз жетті! Маңызды кезең - марафоннан кейін алған әсерлері туралы талдау жасау болды; барлығы да ақбөкен сияқты дала кеңістігін кесіп өткендей болды. Ақбөкеннің қоршаған ортаға жақсы бейімделгенін, тіршілік қабілеттілігін түсіну тереңдей түсті. Сондықтан да табиғаттың ғажайып туындысына сыйластық күшейе түсуде.



Сурет Н. Шивалдованыкі

Кішкентай артистер Қырыққыз поселкасынан.

Садырбайға сұрақ қойдым. «Ақбөкен күні» мейрамы Сіздер үшін не береді?

- «Бұл барлық мектептер үшін маңызды оқиға, тіпті біздің поселка тұрғындары үшін де. Біз оған өте жауапты қараймыз, көптеген творчестволық әрекеттер ойластырамыз. Биылғы жылы бізге мейрамды дайындауға мектептің барлық мұғалімдері көмектесті. Барлығы түсінеді, ақбөкенді сақтау ісіне өзіміздің белгілі үлесімізді қосуға мүмкіндік туды. Біз не істеуіміз керек? Біз туған табиғатқа және оның уникальды өкілдеріне өзіміздің сүйінішпендігімізді білдіруіміз қажет. Сонымен бірге ақбөкенге дейін қажеттілікті оған деген қамқорлық пен мәпелеп сақтаумен алмастыру қажет» - дейді Садырбай.

Қырыққыз поселкасында ақбөкенге салтанат гимнді орындаумен басталды; дала клубының мүшелері оны ана тілінде, бір-бірінің қолдарын ұстаумен орындады. Бүкіл зал суреттерден, плакаттардан, ақбөкен бейнеленген әртүрлі персонаждардан тұратын нағыз галереяға айналды. Мұнда тігілген кесте, дәннен жасалған өрнектер (мозаика), пластилинадан жасалған картиналар, шынылар, безендірілген кітаптар-балалардың өздері ойлап жасаған бұйымдары.

Мейрам жалғасуда, қатысушылар экологиялық экспресс станциясында білімдері, ептіліктері, шеберлігі жөнінде жарыққа түсуде. Конкурстар концерттік нөмерлермен алмасуда. Барлығы сондай тартымды және әсерлі. Бірақ бір концерттік нөмер ешкімді немқұрайлы қалдыра алмады. Бұл нағыз музыкальды спектакль, онда персонаждар, сюжет, артистизм... бар. Сцен бірінші: ақбөкендер семьясы көгал жерде ойнауда, мамысы мен папасы өздерінің балаларына қуануда. Екінші сцена: мылтығы бар адам шығады, папа- ақбөкен өзінің семьясын қорғауға шығады және осы жолда өледі.

Үшінші сцена: ақбөкен лақтары өздерінің кішкентай мүйіздерін браконьерге қарсы жұмсап, мама-ақбөкенді қорғауға тырысады, адамға шегінуге тура келді. Бұл мини-спектакль жүріп жатқан кезде артистерден көрушілерге көзқарасымды аудардым: ересектер көз жастарын сүртіп жатса, кішкентай балалар «ауыздарын ашып» ойнап жатқан артисттерден көздерін айырмады. Әуелде тыныштау отырған ересек балалардың реакциясы қайран қалдырды... Мұнда олар бұғауланған көзқараста болып, көздерінде жас көрінді, бірақ олар өздерін сондай ұстады, өйткені жастарға жылауға болмайды ғой. Міне, искуства күші не істейді, мұндай шара қандай маңызды тәрбиелік моменттерді көрсетеді; мүмкін, ол әсер ету жағынан



Сурет Н. Шивалдованыкі

Пос. Жаслықта ақбөкен кубкасының жеңімпаздары.

Тек күн бата бастаған кезде, күндізгі ыстық басыла бастаған уақытта Жаслық поселкасының тұрғындары семьясына қарай жазғы эстрадаға қарай қозғалды. Ыңғалы орындықтарға балалар ата-аналармен орналасты. Сондай құрметті орындарға қауым бастықтары отырды. Конценттік нөмерлер әртүрлі конкурстардың жеңімпаздарын салтанатты марапаттаумен жалғасып отырды. Сыйлықтар мен приздерды поселканың атақты адамдары тапсырды: поселканың қоғамдық советінің төрағасы, мектеп директоры, қауым бастықтары; бұл атдалған оқиғаға үлкен салтанаттылық береді. Бала бақшасының тәрбиелеушілері орындаған кішкентай құралайлардың (маленьких сайгачат) билермен концерттік программа және Жаслық поселкасында мейрамның өзі де аяқталды.

Музыка тоқталған соң, қнақтар мен шаралардың қатысушылары үйлеріне тарай бастаған кезде, мен төменгі кластарың оқу ісін меңгерішісі Шайменов



Сурет Н. Шивалдованыкі

Нөкіс қаласынан ақбөкен күніне қатысушылар.

күштірек 10 есе күштірек әдеттегі тегі мектеп сабақтан.

Мейрамның ең жоғарғы шегі – көпшілікке белгілі қарақалпақ әншісі әрі композиторы Коблан Эденбаевтың музыкалық сәлемі болды. Оны ақбөкен күніне видеоклип түрінде Gala-Film творчествалық группасы арнаулы дайындаған (қара жоғарыда). Бір-бірінің қолынан ұстаған барлық балалар әншіге қосылып экраннан ән айтты. Мейрам аяқталған соң, мен № 31 мектепте дала клубы «Зеленый патруль» дың басшылары әрі экологиялық мейрамды ұйымдастырушылар болып саналатын екі жас мұғалімдер - Насибе Абдрамановаға және Нигоре Наримбетоваға бардым. Әрине, бірінші сұрақ – бүкіл көрушілерді таңқалдырған кішкентай ақбөкен құралайлары жөніндегі би спектаклы болды.

-Бұл спектакльдің авторы кім? «Біз барлығымыз, балалар мен ересектер бірігіп, сюжетті ойлап таптық. Бірігіп костюмдерді дайындадық және бидің қойылымын жасадық».

-Ал, ақбөкендер браконьерлерден неге өздерін-өздері қорғайтын болды?

-Бізде бұл жөнінде көп дискуссиялар (таластар) болды, - дейді Нигора Наримбетова, - бірақ балалар ақбөкеннің барлық қорғаныссыздығын мылтық ұстаған адам алдында көрсету керек деп шешті. Бишара жануарларды атуға даламызға шыққан адамдар ұялатын болсын деген лебізбен. Шынында, нәрестенің ерінінен (езуінен) – шындық көрінеді... Сондай-ақ бізде қосымша білім береті Қарақалпақ балалар туризмі Орталығы, өлке тану және экология «Баркамол



Сурет Н. Шиваловаға

Оқушылар «Ақбөкендер қоныс аударуда» ойынында, Нөкіс қ.

Авлод»-тың балалар кружкалары басшылары дайындаған оригиналды конкурстар үлкен әсер қалдырды. Мысалы, «Өзіңнің ақбөкеніңді жаса!» жаттықтыруы. Суретке салынған ақбөкен бейнесі кимаға кесілген. Көздері жабық балалар тақта үстінде тілінген бөлшектерді жинап, кілейлеп ақбөкен бейнесін қайта шығару керек. Кім тез әрі барлық бөлшектерді толық жинап үлгірсе, сол жеңіп шыққан болады. Мейрамда біз өте әсерлі және шын жүректен қуанатын құралай жөнінде тағы бір балетті көрдік, сондай-ақ суреттер галереясы, маржан тастардан, кигізден, сабаннан жасалған ақбөкен бейнелері тамаша жасалған.

Биылғы жылы мейрам жаңа жағдайлар түрінде өтті; бірде ол сондай әсерлі жағдайда, бірде көп адам қатысқан жағдайда, бірде тереңірек, ойланған түрде өтті. Ал, кейде қорғауды, түсінуді қажет ететін тамаша әрі ғажайып туған табиғат дүниесіне есік айқара ашылғандай болады.

Сирек кездесетін моңғол ақбөкеніне аңшылық жасаған браконьерге үкім шығарылған

Чимеддорж Б., WWF-Моңғолия, chimeddorj@wwf.mn

Браконьерлік аңшылық оқиғасы өте сирек кездесетін моңғол ақбөкеніне осы жылы 22-ші қаңтарда Гоби-Алтай аймфғындағы Хухморит сомонасында Товгор деген жерде болды. Қылмыс тез арада браконьерлермен күрес жүргізетін «Ирвес-3» отряды, «Албөкен инспекциясы» сеттері мен Гоби-Алтай аймағының полиция бөлімінің біріккен қимылы арқасында тез ұсталды. Бұл кешірілмейтін қылмысты Хухморит сомона тұрғыны А. Ганпурев жасаған. Сот

қылмыстыны үш жыл және он күнге түрмеде өткізу жазасына кесті. Хухморита тұрғындары үшін соттық тындау ашық жүргізілді. Бұрын мұндай ашық тындау, заңсыз аңшылық жасау, сондай-ақ Шарга мен Тугрог сомондарында өткізілген. Табиғат пен жабайы жануарларды қорғау әр адамның ісі болуға тиіс. Бірақ, өтінішке орай, бірқатар ашқарақты және эгоисты адамдар браконьерлікпен айналысып, Ана-Табиғатқа үлкен зиянын тигізуді жалғастыруда.



Сурет Г. Олоубатайға

Браконьерлерден конфискиленген олжалар (өнімдер).

Ашық, жұртшылық алдында сот процесін ашық жүргізу, осы сияқты, потенциалды браконьерлерге олар істеген қылмыстары үшін жазаға тартылатындығы туралы сигнал береді, сондай-ақ келешекте мұндай қылмыстар жасамауға шақырады.

Ақбөкен жөніндегі Ресурстық Орталық сайтта жаңаланды

Дорвард Л., Дамерелль П., SCA, www.saigaresourcecentre.com

Ақбөкен жөніндегі Ресурстық Орталық (РЦС) бүкіл дүние жүзінде ақбөкенді қорғау саласында онлайн-орталық құру мақсатында дамып келеді. Сайтта кең көлемде әрі өсіп отыратын ақбөкенді сақтауға байланысты көпшіліктің қолы жететін фотографиялар, видео, әдебиеттер мен білімдік ресурстар бар. Сонымен бірге, ғалымдар мен "эксперттік профильдері" бар, қызметтері ақбөкенмен байланысты мамандар, сондай-ақ ақбөкенді қорғау жөніндегі әртүрлі проектiлердi сипаттап жазушы "проектілік профилдері". Олар ақбөкенді сақтау саласында бүкіл дүние жүзінде мәліметтер алмасуға көмектеседі; мамандарға осындай сфералар мен проектiлермен жұмыс істейтін адамдармен қарым-қатынас жасауға жәрдемін тигізеді.

РЦС-тың бүгінгі таңдағы жұмысы орыс, қазақ және қытай тілдеріндегі сайт беттерін жақсарту болып табылады; сол арқылы бұл тілдердегі мәліметтерді жеткілікті жеткізуді қамтамасыз ету. Біз сондай-ақ әдебиет бөлімін жетілдіруге тырысамыз, іздеген мәліметтерді тез тауып алу үшін әрі үлкен кітапхананы шетел әдебиеттерімен толықтырамыз. Сонымен бірге,

сайт форумы қосуға дайын. Ол бүкіл дүние жүзінде экологтар мен ақбөкенді қорғаушыларға жеңіл қарым-қатынас жасау арқылы пікірлер алысуға және оны талдауға мүмкіндік береді.

Егерде Сіз ғылыми зерттеумен немесе ақбөкенді сақтау проблемасымен айналысатын болсаңыз, онда РЦС сайтына үніліңіз (еніңіз), оның мүшесі болып, өзіңіздің жеке профиліңізге қосасыз. Тек сайтта эксперттер көп болған жағдайда ғана бүкіл дүние жүзінде экологтардың үлкен сетін құра аламыз.

Ақбөкен жөніндегі ресурстық орталыққа мүше болу үшін электрондық почта арқылы saigaresourcecentre@gmail.com аты-жөніңізді жазып, хат жіберсеңіз болды, сонда Сізге пайдалану аты және сайт үшін пароль беріледі. Пайдаланушының аты мен пароль мамандарға арналған (<http://www.saigaresourcecentre.com/specialist-resources/>), еруге мүмкін береді; онда сіз ақбөкен жөніндегі эксперт ретінде жұмыс істеп, мағлұматтар алуыңызға болады және Сіз қатысатын ақбөкен жөніндегі проектiлер жайында мәлімет ала аласыз.

Баспасөздерден

«Степной» қорықшасында ақбөкеннің «төлдеу үйі» қорғалуда

Астрахань облысының Лиманов ауданында орналасқан «Степной» қорықшасында ақбөкендерді бүкіл жыл бойы бақылауға болады. Соңғы бірнеше жыл ішінде бұл жануарлар осы жерде төлдейтін болды. Астрахань облысының табиғатты пайдалану мен қоршаған ортаны қорғау органы және қорықшаның дирекциясы төлдейтін топтың территориясын бүкіл тәулік бойы қорғау туралы шешім қабылдады. Бұл зонаны шартты түрде. Ақбөкеннің «төлдеу үйі» деп атадық және бұл территорияға еруге болмайды деген тыйым салынған белгілер қойдық. Жобалап бағалағанда төлдейтін стада 3 мыңнан 3,5 мыңдай болып саналады. Аналық бөкендер лақтарымен төлдеу зонасынан шыққан кезде қорғау зонасын «Степной» қорықшасының шекарасына дейін ұзарту туралы шешім қабылданды.

Тәулік бойы ақбөкенді қорғау жұмысына қорықша инспекторларына Лиман аудандық полиция қызметкерлері көмектесті.

Толығырақ:

<http://nat.astrobl.ru/press-release/otel-saygaka-na-territorii-zakaznika-stepnoy-astrahanskoy-oblasti>

Редакциядан: 5 маусымда Астрахань облысының губернаторы жұмыстағы табысы үшін, жоғарғы профессионализмі үшін және Экологтар күніне байланысты "Степной" қорықшасының директоры Владимир Калмыковты құрмет Грамотасымен марапаттады. Сайта Ньюс редакциясы оны осы жоғары наградасымен шын

Қазақстанда ақбөкендер саны 1/3 есе өсті!

Соңғы жылдардағы сияқты, көктем мерзімінде Қазақстан территориясында ақбөкендерге самолетпен санақ жұмысы жүргізілді; оның қорытындысы бойынша оларды қорғауда қолданылып отырған шаралардың тиімді екенін айтуға болады. Санақ Қазақстанда жануарлар дүниесін сақтау, өсіру және тиімді пайдалану программасы төңірегінде 9 сәуірден 1-ші мамырға 2014 жылы дейін өтті. Оған РЖШ (РОО) «Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы», өндірістік кәсіпорын «ПО Охотзоопром» қызметкерлері, облыстық орман және аңшылық шаруашылығының территориялық инспекция қызметкерлері қатысты. Ұшу уақыты 230 сағатта санақ жүргізетін группа Қазақстандағы антилопаның барлық үш популяциясын (бекпақдала популяциясы – Қарағанды мен Қостанай облыстары; үстірт популяциясы – Ақтөбе облысы және Орал



Жаңа туған ақбөкен құралайы (лағы).

популяциясы – Батыс Қазақстан облысы. Ақбөкендер саны өткен жылмен салыстырғанда 37% өсті, жануарлардың жалпы саны 256 мың бастан асты. Тұяқтының ең төменгі саны 2003 жылы болды, саны бар болғаны 21 мың бас болған еді.

Толығырақ:

<http://www.newskaz.ru/society/20140613/6604841.html>,

<http://www.kazakh->

zerno.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=92273&Itemid=108

Қазақстанда ақбөкенге заңсыз аңшылық жасау ұйымдасқан қылмыстар формасында өтетін болды

Қызылорда облысының прокуратурасының мәліметі бойынша 2014 жылдың басынан ақбөкендерді заңсыз аулаудың екі фактісі тіркелді. Браконьерлер 20 жануарларды құртқан, олардың мүйіздері кесіліп алынған. Қызылорда облысының прокуратура қызметкерлерінің мәліметі бойынша, облыста ақбөкендерді атумен шұғылданатын ұйымдасқан қылмыстық группа жұмыс істейді. Қылмыстылар ақбөкендерді үш группа болып аулайды: бірінші группа жануарлар атып алады, екінші группа – мүйіздерін аралап алып жинайды, ал үшінші группа – кордондарда оларды өткізеді.

Жануарлар популяциясын сақтау үшін Алматыға, одан әрі Қытайға тасымалдайтын қылмыскерлердің каналдарын жабу керек деп санайды прокуратура қызметкерлері. Аңшылар ақбөкен мүйіздері үшін жалғыздан әрекет жасамайды; олар қазіргі жол талғамайтын автокөліктермен жүреді, сондықтан охотинспекциялардың қуып жетуі барлық уақытта бола бермейді. Сондай-ақ қылмыскерлер жақсы саймандарды пайдаланады. Прокуратура, сонымен бірге, браконьерлер ақбөкен етін таныстарына сатуы мүмкін деп жорамалдайды немесе сауда орындарында қойдың, жылқының немесе сиырдың еттері деп өткізуі де ғажап емес. Бірақ, еті үшін ақбөкенге аңшылық жасайтын браконьерлер мүйізі үшін аулайтын браконьерлерге қарағанда онша жақсы жабдықталмаған. Қыста олардың кейбіреулері аң аулауға мотоциклдермен шығады.

Толығырақ *Ресейдің аңшылық газетінде, №4 (1016), 2014 ж. қаңтары және* http://kazakh-zerno.kz/index.php?option=com_content&task=view&id=88400&Itemid=108.

Іздеуші иттер контрабандалық ақбөкен мүйіздерін табуға көмектеседі

Сәуір айының аяғында Алматы қаласында ақбөкен мүйіздерін іздестіруде пайдаланатын кинологтар-инспекторларды және іздеуші қызмет иттерін дайындау тренингі өтті! Тренинг ҚР-сы қаржы министрлігінің кеден бақылау комитетінің Регинальдық кинологиялық орталығы базасында, «Үстірттің экосистемасын сақтау инициативасы» проектісі төңірегінде, РОО

Сурет К. Маманованыкі



Ақбөкен мүйіздерін табудың программасын жаңа бітірушілер толық үйренген және жұмысқа дайын.

«Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау ассоциациясы»-ның, британияның НПО «Фауна және флора» халықаралық қорымен бірлескен 5-күндік программасы аясында жүзеге асты. Үйретуге арналған семинар ақбөкен мүйіздерімен төрт жаңа іздеуші иттермен таныстырудан басталды. Төрт ит малинуа тұқымы (белгия овчаркасы) АҚШ-тан және Чехиядан әкелінкен. Олар алдын-ала наркотиктерді (героина, кокаин, марихуана, метамфетамин), табуға үйретілген, өйткені шекараны өтерде бірінші рет наркотиктер ізделеді ғой. Келгеннен кейін әрі олар жаңа инструкторлармен танысқаннан кейін ақбөкендер мүйіздерін табуға қортынды түрінде үйретіле бастады.

Бас инструктор және наркотиктерді іздестіру кинологтарың Калифорния ассоциациясының негізін қалаушы және Макор-К9 иегері Марка Рисполидің сөзіне қарағанда, бұл дүние жүзінде бірінші рет ақбөкен мүйіздерін іздеуде иттерді пайдалану. Сондай-ақ уникальды болып табылады; мүйіздерді іздеу наркотиктерді іздеумен ұштасады.

Басқа жалған ақшаларды табуға үйретілген иттермен бірлесіп өткізген тренинг аяқталған соң, иттер өздерінің инструкторларымен-кинологтарымен жұмыс орындарына кетті – Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарындағы кедендік бақылау Департаменттеріне және Қордай кедендік постына. Бір ит Регинальдық кинологиялық орталықта қалды.

Келешекте үйретілген иттерді Қазақстанның барлық шекаралық кедендік посттарында ақбөкен өнімдерін және басқа да шығуы табиғи жасырын алып шыққан өнімдерді табу үшін пайдалану жоспарлануда. Сонымен бірге, кинологиялық орталық базасында ақбөкен мүйіздерін іздеп табатын кинологтар мен иттерді дайындайтын арнаулы курс ашылады, ал онда дайындалған, оқыған инструкторлар құқық қорғау органдарының басқа да кинологтары үшін тренерлер болады, сондай-ақ жол және экологиялық полицияның, өнеркәсіптік кәсіпорын «Охотзоопром»-ның және басқа да мүдделі ұйымдардың жаттықтырушылары болуға мүмкіндіктері бар»

Үстірт экосистемасын сақтау Инициативасы қаржы жағынан халықаралық дамудың (USAID) Американдық агентстваның «Маңызды экосистемаларда тұрақты табиғат қорғау тәсілдері» программасы (SCAPES) аясында көмектесу нәтижесінде мүмкін болды.

Толығырақ: <http://www.acbk.kz/ru/news/4340/>, <http://m.tengrinews.kz/en/crime/American-dog-trainers-bring-detector-dogs-to-Almaty-help-Kazakhstan-stop-saiga-253485/>

Өзбекстанда ақбөкен бейнесімен марка шықты

Өзбекстан почтасы республика территориясында мекендейтін, сирек кездесетін және Өзбекстанның қызыл кітабына енген жануарларға арналған 2 марканы және почтовый блокты айналымға шығарды. (Фауна, Өзбекстанның сирек жануарлары» сериясына ақбөкен бейнеленген почта блогы енді.

Толығырақ: <http://peterstamps.ru/news/2091>,
<http://infocom.uz/2014/06/05/vypushhena-novaya-seriya-pochtovyx-marok-fauna-redkie-zhivotnye-uzbekistana/>



Мақалалар

Бірігіп сурет салайық – Өзбекстанның адамдары мен табиғаты

Рори МакКенн, www.rorymccannmurals.com

Ольга Есипова, esipovaolya@gmail.com

Биылғы көктемде Өзбекстанда ақбөкенді қорғауға тіпті жаңа тәсіл апробацияланған. Британия суретшісі - анималист Рори МакКенн даланың жабайы табиғаты тақырыбына фреска-суреттер салу үшін Қарақалпақияға келді. Өзбекстан студенткасы Ольга Есипова Рориге айналасындағылармен сөйлесуге және сурет самуға көмектесті. Проектінің идеясы жергілікті балалардың қатысуымен гимарат қабырғасына сурет салу арқылы ақбөкенді қорғауға қатынасты өзгерту болып табылады. Фреска региональдық мектептердің бірінде салынды. Оны салуға көптеген оқушылар қатысты. Проектіні Coins for change фонда Дисней (Канада) фондысы программасы қолдады; ол бүкіл дүние жүзінде табиғат қорғау проектiлерiн қаржыландырады.

“Сіздің салған картинаңыз сондай өте тамаша, сөзімде артық айтқандық жоқ. Сіздің еңбегіңізді барлық біздің мектептер бағалады. Рори тамаша суретші, ол өзінің суреттерін шабыттылықпен салады! Ал, Ольга өзінің жастығына қарамастан және өзінің өмірлік жолын жаңа гана бастасада біраз нәтижеге жеткен, мен сенемін, оны үлкен келешек күтіп тұр! Сіздердің ынталы жұмыстарың үшін, өздеріңнің ақылдарың арқылы басқа жұртты қуантқандарың үшін Рори мен Ольга шекоіз үлкен алғысымызды айтамыз. Сіздердің еңбектерің сөзге қарағанда жоғары тұрады!»

- Айсұлу Джолдасбаева, № 37 мектеп, қ. Нөкіс

Рори МакКенн: мен аағылшын суретшісі – анималистпін, негізінен, мектептерде ірі масштабтағы проектiлер бойынша қабырғаларда суреттер салумен айналысамын. Мен Сейшель аралдарында, Австралияда, Оманда және Жапонияда фрески жаздым. Өзбекстандағы біздің мақсатымыз – дала табиғатын бейнелейтін үлкен сурет салу үшін жергілікті оқушылармен жұмыс істеу болды. Бұл, біздің ойымызша, балалардың туған табиғатына, әсіресе, ақбөкенді сақтауға деген қарым-қатынасын жақсартуға көмектеседі.

Проект әуел бастан табысты болуға тиіс. Біз стеналық суреттерді балалардың туған табиғатына деген қызығушылығын тудыру үшін пайдалану және оны сақтауды үйрену қажет екенін ұғындыру керек болды. Бұл бізге онша қиандық тудырған жоқ, өйткені көптеген балалар үнемі біздің қасымызға келіп жүрді; біздің жаңа не суреттер салғанымызбен танысты. Олардың қызығушылығы тойымсыз болды, олар жалпы дүние жүзі туралы толық білгісі келді, сонымен бірге оларға олардың туған табиғатындағы байлықтар туралы айтқанда өте қызығушылықпен тыңдады.



Рори МакКенн – профессионалды суретші – эколог, Англиядан.



Рори мен Ольга № 37 мектептің оқушыларымен әңгімелесуде, Нөкіс қаласы.

Мектеп оқушылары бір суреттен кейін басқа да суреттерді түсіріп жатты, кішкентай қағазға қол қоюмызды сұрады, бірақ бәрінен бұрын оларға сұрақтар қою ұнады. Маған ой келді, ақылға сыймайтын жігерлену мен қызығушылық осы жастағы балаларға тән, қазірде оларды биоалуантүрлілігін сақтауға қызығушыларын тудыруға мүмкіндік бар. Менің ойымша, келешекте бұл мынаған жеткізеді: олар экологиялық сауатты ересектерге айналады, мүмкін болған жағдайда, барлық жерде қоршаған ортаға көмектеседі.

Біздің жұмыс 8 күнге созылды. Біз ақбөкен - негізгі түр болып табылатын дала экосистемасының негізгі түрлерінің суреттерін салудан бастадық. Бұл этапта балалар бізбен бірге сурет салды және бізде олардың жұмыстарын үйлестіруге мүмкіндік болды және біздің көруші-көмекшілердің үздіксіз қойған сұрақтарына жауап беруге тура келді. Оған қосымша, біз жұртты тұрақты ауысу жағдайында сурет салдық, сондай-ақ бізге залда ұшып жүрген сұрқарлығаштар қосылды (кейде өзінің түсті шашырандысымен қоса), және осы үйде ұлттық билермен айналысып жатқан балалар классы қосылды.

Сонымен, мен өзімнен кейін фресканы (қабырғаға салынған суреттер) қалдырдым, менің шамалауымша, олар шабыттандудың көзі - көп жылдар бойына оқу құралы болып саналады, сондай-ақ тірі табиғатқа позитивтік қатынастар тәрбиелеуге көмектеседі және оны қорғауға көптеген мыңдаған жас адамдардың позитивтік көзқарастарын қалыптастыруға жәрдемдеседі. Менде Өзбекстанның ғажайып дала табиғатын суретке салу процессінен көптеген бақытты еске алу қалады; мәселен, қалай мен кенеттен дәстүрлік үйлену тойының куәсі болдым; әсіресе, Нөкісте тамаша мектеп оқушыларымен жүздесу, олармен байланыстар.



Балалар қабырғаға сурей салу процесіне құмарлана кірісіші.

Ақбөкендердің өмір сүруі үміті кейде оларға да байланысты болады. Менің өзімнің үмітім сондай зор.

Мен тамаша проекттің бөлімі, болдым және Э.Дж. Милнер-Гулландты құттықтағым келеді; мұндай проект пайда болды және мүмкін болды; Карлин Самюэлді менің сапарымды ұйымдастыруға көмектескені үшін, Елена Быкова мен Александр Есиповтің олардың тамаша қонақжайлығы және компаниялығы үшін, Ольга Есипованы оның ғажайып көркемдігі, аударудағы таусылмайтын энергиясы және өте жақсы компаниялығы үшін, сондай-ақ Нөкіс қаласының № 37 мектебінің қызметкерлері мен оқушыларына олардың мейірімділігі, білім құмарлығы, энтузиазмдігі мен әдемі күлімсіреулер үшін үлкен алғысымды білдіремін.

Ольга Есипова: Мен 18-жастағы англия филологиясының студентімін; Өзбекстаннан. Соңғы бірнеше жыл бойы волонтер ретінде Ақбөкенді сақтау Альянсына (SCA) көмектесемін, өйткені маған менің елімнің табиғаты ұнайды; және мен сенемін жұмысым келешек те оны сақтауға көмектеседі. Сонымен бірге, мені искуствада қызықтырады және живописті де бірқатар тәжірибемде бар. Таң қалатын емес, мен Рори проектсіне өте қызығушылық білдірдім және үлкен сезіммен Нөкіс қаласында фрески ұйымдастыруға қатысу туралы ұсынысты қабылдадым.



Жаслық поселкасының балалары үшін Рори үкүлеледе ойнауда.

Мен сол күнді білемін, біздің жаңа ғана Нөкіс мектебіне келгенімізді. Ол мен ойлағаннан көбірек болды, кейіннен мен білдім, бұл мектепте шамамен екі мыңдай бала оқиды екен. Бізді көріп, олардың барлығы таңқалды; ешкімде түсіне алмады, неге таныс емес адамдар группасы біздің мектепке кенеттен келген. Біз бұл проекттің көбірек әсер ететіндей болуын қаладық, оған балаларды қатыстырмай көздеген мақсатқа жету қиын еді, сонымен бірге бірден стенаға сурет салудан бұрын, бірінші ретте, біз қысқа презентация жасауды ұйғардық, онда біздің проектін және өзімізді таныстыру еді. Бұл жақсы келіскендік болды. Балалар қызығушылық білдірді, биоалуантүрлілік туралы көп білгісі келді және біздің жұмысқа қатысқылары да келді, сондай-ақ адам түсінбейтін көптеген сұрақтар қойды!

Соған қарамастан, біз уақытты жоғалтпауымыз қажет және тез-ақ біздің фрескалар жөніндегі жұмысты бастау керек. Келесі күні бізге біраз мектеп оқушылары қосылды. Мен ешуақытта тазаланбаған стенада суреттер салып көрген емеспін; сондай жағдайды және балалар туралы айтуға болады. Сондықтанда алғашқы кезде біз өзімізді үйренбегендіктен біртүрлі сезіндік және комфортно сезіне алмадық, бірақ біз көп сурет салған бойы бұл бізге ұнады. Оқушылар саны да көбейе түсті, олардың мұғалімдері мен ата-аналары бізге көмектесуге немесе жай біз жануарлар суреттерін қалай салып жатқанымазды көруге келеді.

Бізге олар әр келгенде, біз даланың жабайы мекендейтіндері және табиғатты қорғау туралы жана мәліметтер беруге тырысамыз. Жеті күн сондай шапшаң өте шықты және міне мектептегі соңғы күніміз де келіп жетті. Бізге уақыт жетіспеді, сондықтанда барлық күшіміз жеткенше жұмыс істеуге тура келді; бірақ, бұған қарамастан, біз алға қойған жұмысымызды аяқтадық-ау.

Жоба өте табысты болды. Біз бақытты балаларды көрдік, олардың мектебінде тамаша фресканың пайда болғанын мақтанған жас өспірімдер; ерекшелігі – олардың өздері де оның салынғанына қатысушылар ретінде сезінуі де мүмкін. Нәтижесінде, проект искустваға және табиғатқа қызығушылықты қалыптастыруға көмектесті. Мен үшін өте үлкен награда-балалар байсалды түрде табиғат қорғауға жана өздерінің қатынастарын білдірді. Маған ой келді, бұл табысты тәжірибені ақбөкен мекендейтін басқа қоныстарда жергілікті тұрғындардың оны қорғаудағы жауапкершілігін арттыру мақсатында қолдану мүмкіндігін қарастыру қажет.

Мен өзімнің папа-мамамды - Елена Быкова мен Александр Есиповты мені проектіге қатысуға шақырғаны үшін, оның аяқталғанына дейін олардың мені тұрақты қолдағандары үшін; ал Рори МакКеннаны, ол мен үшін тамаша мұғалім әрі жақсы досым болды, құттықтағым келеді. Сондай-ақ Рори МакКеннаны, тағы да оның еріктіріп әкететін энтузиазмі; қабырғаға сурет



Сурет А.Есиповтікі

Біздің арт-объект бірте-бірте көпшілікке белгілі бола бастады.

салуға қызығушылығы және укулеле инструментінде тамаша ойнағаны үшін тағы да рахмет айтамын; сондай-ақ № 37 мектептің барлық оқушыларын, мұғалімдері мен қызметкерлерін олардың біздің тәжірибені ұмытылматындай еткені үшін және баға жетпес барлық көмектері үшін зор алғысымызды білдіреміз.

Дала табиғаты туралы Фресканы қалай салғаны туралы видеоны көру болады:

https://www.youtube.com/watch?v=v8up_3OQTkI и <https://www.youtube.com/watch?v=iqDhLVLhVG4&feature=share>.



Сурет А.Есиповтікі

Дала табиғатына арналған Фреска.

Қытайда ақбөкен өнімдері дәстүрлі қытай медицинасы сауда базарында

Цянь Хуань, Айли Кан, Фенглиан Ли

WCS – қытай программасы. Контакт: qhuang@wcs.org

2013 ж. Қыркүйек айында Синьцзян кедендік провинциясы ақбөкен мүйіздері (*Saiga tatarica*) салынған 35 қоробкасы бар көлікті табысты ұстады; оларды контрабандалық жолмен Торугарт КПП арқылы Қытайға алып шықпақшы болған. Бұл соңғы бірнеше жыл ішінде жануарлар өнімдерінің ірі партиясын құпиялық жолмен Қытайға алып шықпақшы болған ірі оқиға. Құқық қорғау органдарының жұмыстары нәтижесінде 4470 ақбөкен мүйізі алынды. СМІ-дің онлайн есептерін талдау мынаны көрсетті: 2010 жылдан 2013 жылға дейін, төменгі мөлшерде контрабандалық жолмен алынған ақбөкен мүйіздерімен ұсталған, оның ішінде жоғарыда көрсетілген оқиғада бар, 12 случай тіркелді; олардың жалпы салмағы 1991,5 килограмнан аса болды. Егерде үш пар ақбөкен мүйіздерінің салмағы шамамен бір килограмм болады десек, онда мүйіздер саны эквивалентно 5708 өлген ақбөкен текелеріне сәйкес келеді.

Ақбөкен мүйіздері дәстүрлі қытай медицина -сында (ТКМ) жоғары бағаланады; олардың дене қызуын түсіретін тиімділігі үшін. Сондай-ақ қазіргі фармакологиялық зерттеулер қауіпті ауруларды (грипп сияқты) емдеуде тиімділігі едәір жоғары екендігін байқатты; тіпті созылмалы ауруларды (рак сияқты) емдеуде едәуір тиімділігі бар екен. Қазірде 60-тан астам кең қолданылатын және рецепті арқылы берілетін дәрі-дәрмектің құрамында негізгі нен ақбөкен мүйіздері бар бөлшектер болады. Ақбөкен мүйіздеріне сұраныш көп болғандықтан Қытай шеттен оларды әкелуші ірі импортерға айналды. Ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау, ақбөкендерге браконьерлік жасауға итермелейтін факторлардың бірі, оның нәтижесі қысқа уақытта ақбөкен группасында оның популяциясы 95%-ке қысқарды. Қысқару сондай-ақ негізінен аңның еркектеріне аңшылық

жасаумен байланысты, соған сәйкес жыныстық қатынастар бұзылады. Сондықтан да тұтыну сұранышын зерттеу өте маңызды және ақбөкенді сақтау үшін қандай шараларды қолдану керектігін талдау керек.

WCS-тың (табиғат қорғаудың халықаралық қоғамы) Қытай программасы шеңберінде Қытайда дәстүрлі қытай медицинасының базарында (ТКМ) екі проект жүзеге асты. Оның бірі (2006-2007 жж.) көтерме сауда мен бөлшек сауданы және шекаралық сауданы 14 провинцияда зерттеуге бағытталған еді (қартаны кара). Біз мынаны байқадық: көтерме сауда базарында сатушылардың 92%-і (262-нің 242-сі) сөз ақбөкен мүйіздерін сату туралы болғанда өте сақ болды. Бұл мұндай сауданың заңсыз жүргізілетіні туралы хабарлардың жоғары деңгейде болатынын байқатты, 121 дүкеннің 60%-і зерттеу жүргізілген екі жыл ішінде жиналған мүйіздерді сатты, бұл уақытта ашық халықаралық саудаға тыйым салынған; бұл аңшылық жасаудың және ақбөкен мүйіздерімен сауда жасау заңсыз екендігін көрсетеді. Бұл сұраудан кейін WCS 2009 – 2013 жж. Ұзақ жылдарға арналған Қытайда ТКМ-ның ірі сауда орталығы болып табылатын Гуанчжоу провинциясында ТКМ Цин пинг сауда базарларында мониторингалық программа жүргізді.



Сурет. WCS-Қытай программасы төңірегінде зерттеулер жүргізілген аудандар.

жасауға қарсы шаралар қолданған болатын. 2007 жылы Қытай «Ақбөкеннен, кесірткеден және жыландардан алынған дәрі-дәрмектерді қорғау мен қолдануды күшейту туралы қаулы» жариялады; ол қатаң нормативно-құқықтық негізде тіршілігіне қауіп туған жануарлардан дайындалған өнімдермен сауда жасауды реттеуге тиіс еді. Деседе, біздің жүргізген мониторинг (бақылаудың) нәтижесі одан әрі әрекеттер жасау керектігін көрсетті. Ақбөкен мүйіздеріне сұраныштар мен сатуды болдырмас үшін сауда базарларында мониторинг жүргізу - оның басты компоненттерінің бірі болып қала береді; заңдардың орындауына тиімді бақылауды және саясаттың оған сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, ақбөкенді қолда өсіру жөнінде үлкен ғылыми зерттеулер жүргізу қажет, ол оны қолда өсірудің техникалық қиындықтарын шешуге жәрдемдеседі.

Сурет WCS-Қытай



Базарда зерттеу жүргізіп жүрген WCS-тың қызметкерлері мен волонтерлері.

Ақбөкен мүйіздерін сатып алу негізінен үш мақсатты көздейді: мүйіздер дәрі-дәрмен ретінде, сыйлық түрінде немесе бағалы және потенциалды товар ретінде инвестициялау мақсатында. Біздің ұзақ мерзімді мониторинг жүргізу арқасында ақбөкен мүйіздерімен сауда жүргізетін базарда белгілі тенденциялар байқалды. Соңғы екіжылда сыйлау дәстүрі бойынша ақбөкен өнімдеріне сұраныс өзінің шыңына жетті. Сыйлықтер түрінде әдетте пайдаланатын тұтас мүйіздер мен бөліктерін қытай Жаңа жылының алдында базарлардан байқауға болады. Мұндай мүйіздердің бағасы 2009-2013 жылдар аралығында 1,5 есе өсті.

Бұрын, қытай Үкіметі ұлттық стратегияны жаңартып және шығарып, ақбөкен мүйіздерімен заңсыз сауда



Мүйіздердің бір бөлігі (сол жақта) және бүтін мүйіздер (оң жақта), ТКМ базарларында сатылатын мүйіздер.

Құттықтаулар

Ақбөкен популяциясы үшін басты қауіптердің бірін жоюға (шектеуге) бағытталған біздің күнделікті жұмыстарымызға басшылық жасап, жақсы қарым-қатынаста болғаны үшін ақбөкенді сақтау Альянсына біз алғысымызды айтамыз. Сонымен бірге, бізге базарларда зерттеу жүргізуге көмектескен барлық еріктілерге (волонтерлерге) рахметімізді білдіреміз. Біз құттықтаймыз Э.Дж. Милнер-Гулландты (империял колледж Лондон), Джек Лэмді (WCS-Вьетнам программасы) және Лише Ли (WCS-Қытай программасы) осы статья туралы пікір жазғандары үшін.

Астрахань облысында күйге түсу кезінде табиғатқа ақбөкен текелерін жіберу

Франов Н.А., Гагарин В.В., Шиленко М.В.

ГБУ АО «ГООХ «Астраханьдык», nfranov@rambler.ru

Солтүстік-Батыс Прикаспийде (Астрахань облысы және Республика Қалмақия) мекендейтін ақбөкендер саны өте төменгі дәрежеде қалып отыр. Бірқатар бағалауға қарағанда, бүгінгі күні ақбөкендер саны 7 мыңнан төмен, баяу болса да, ұдайы төмендеуде. Жалпы санының төмендеуімен бірге, ерекше қорқыныш жыныстық жағынан жетілген текелер санының тұрақты төмендеуі ойландырады. Бірқатар бағалауға қарағанда, олардың саны жалпы санының 1 % -іне дейін ғана. Өткен жылдары, тіпті қыс сондай суық болған жылдары да, жыныстық жағынан жетілген еркектерінің (текелерінің) саны 3-5 %-тен төмен түскен жоқ, одан 10-25 %-ке дейін өсіп отырды. Қазірде санының мұндай қалпына келуі байқалмайды. Мұндай жағдайда көбеюге қатыспаған аналықтар санының өсуі жалпы жағымсыз тенденцияға соқтырады сөзсіз.

2001 ж. Ресей ауыл шаруашылығы министрлігінің аңшылық департаменті «Астрахань» (ГБУ АО «ГООХ «Астрахань») мемлекеттік тәжірибелік аңшылық шаруашылығы негізінде «Ақбөкен» питомнигін ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған, ал 2003 ж. оған бірінші партия ақбөкендер әкелінген (қара Saiga News-11). Бүгінде питомникте әртүрлі жыныстағы және жастағы 31 бас ақбөкен бар.

2013 ж. Солтүстік-Батыс Прикаспий территориясында мекендейтін ақбөкен популяциясы санын қалпына келтіру мақсатымен Астрахань облысының табиғатты пайдалану және қоршаған ортаны қорғау Службасы (қызметі) Астрахань облысы территориясындағы табиғи мекендейтін ортаға «Ақбөкен» (ГБУ АО «Астрахань») питомнигінен ақбөкен текелерін репатриациялау (қайтару) туралы 2013-2015 жж. арналған ведомствалық программа қабылдаған болатын. Программада күйлеу кезінде табиғи ортаға үнемі текелерді жіберу керектігі толық сипатталған, қосымша шаралар (карантин жасау, вакцинациялау, үлкен көлемдегі қоршауда бейімделу үшін ұстау), табиғатқа шығару әдістемесі (жіберілетін жануарларды спутникті қабылдағыштармен қамтамасыз ету) көрсетілген, алғашқы тиімділік және бұл бағыттағы жүргізілетін жұмыстардың келешегі де бағаланады.

Бұл программа үшін негіз болып «Ақбөкен» питомнигі-жұмысының тәжірибесі алынды; оның жұмысы жыныстық жағынан жетілген бір теке питомник жағдайында 20-25 аналық ақбөкендерді ұрықтандыруға қабілетті. Бұл көрсеткіштерді сақтау жағдайында және табиғи ортада, бір жыныстық жағынан жетілген текені жіберу 30-40 қосымша ақбөкен лақтарын тууына әкеп соқтырады. Осы программа шеңберінде жоспарланған шараларды орындау барысында 2014 ж. қаңтар айында бірінші рет «Ақбөкен» питомнигінен 2012 жылы және 2013 жылы туған питомникте өсірілген екі теке Астрахань облысындағы «Степной» қорықшасы территориясындағы жабайы популяцияға жіберілді. Бұл жағдайда жіберілген әртүрлі жастағы жануарларды жіберуде 2012 ж. туған теке осы жылғы ақбөкендердің күйлеуіне қатысады деп жорамалданған, ал 2013 ж. туған теке табиғи ортаға бейімделіп, жыныстық жағынан



Суреттің авторы: Франов Н.

2013 жылы туған ақбөкен текесі питомниктен жіберу алдында.

жетіліп, күйлеуге келесі жылы қатысады деп ойлағанбыз. Жіберілген ақбөкендердің қозғалыстарына мониторинг жүргізу үшін Астрахань облысының қаражатына және ГБУ АО «ГООХ «Астраханское», атқарған қызметтерінен түскен табыстары үшін алған қаражатына радиомаяктары «Пульсар» (ЗАО «ЭС-ПАС», Ресей, Мәскеу) бар екі ошейник «Argos/GPS» спутниктік системасы мен оған сәйкес программалық қамтамасыз ету приборлары сатылып алынды. Техникалық характеристикаларына қарағанда ошейниктердегі радиокүралдарындағы питания элементтерін пайдалану мерзімі – орташа 6 ай.

«Степной» қорықшасы территориясындағы жіберетін жерге жеткізу үшін индивидуальды клеткалар дайындалған, күзовы тентпен жабылған автокөлікпен апарылады. Текелердің күйі қанағаттанарлық деп бағаланған, денелерінде зақымдалған жері жоқ, жануарлар сондай күйлі және сыртқы жүндері де жақсы (сурет 1).

Ақбөкендердің жабайы тобын іздеуді және табиғи ортаға жіберудің қолайлы жағдайларын анықтауды «Степной» қорықшасының қызметкерлері атқарды. Саны шамамен 50-дей ақбөкен стадасы табылғаннан кейін, бәрі де аналықтар, ақбөкендерді жіберу 2014 ж. 4-ші қаңтарында жүзеге асты. Жіберуді Астрахань телевидениясі - ГТРК «Лотос» түсіру топпасы түсірген http://lotosgtrk.ru/news/detail.php?ELEMENT_ID=2710.

2013 ж. туған текенің қозғалуының алғашқы мәліметтері 10 қаңтарда алынды. Теке тұрақты қозғалыста болды, мүмкін, группировканың біріне қосылғаннан кейін. Қозғалыс жолдарын жергілікті жердің картасына түсіргеннен кейін белгілі болды, ақбөкендер күніне орташа 13 шақырымға дейін қашықтықты жүріп өтеді. Негізінен, бұл Республика Қалмақиядағы поселка Ацан-Худук пен «Степной» қорықшасы жеріндегі «Волга» арасындағы территория және мал бағумен айналысатын «Двадцатка» (Астрахань облысы) жері (карта-схеманы қара).


«Степной» қорықшасы территориясында ақбөкен тобының қозғалыстарын жібергеннен кейін бірнеше күні көзбен бақылау мынаны көрсетті: мұнда көрші территориядан жануарлардың келуіне байланысты ақбөкендер саны (стадада 150-200 бас) өсе бастағаны байқалды. Жіберілген 2013 ж. туған жас теке бинокльмен қарағанда саны шамамен 70-тей болатын топтың ішінде байқалды, бұл группировкада басқа текелер болған жоқ. Сыртқы бейнесіне қарағанда текенің күйі қанағаттанарлық көрінді. 17-шы қаңтарда «жіберілген» «Волга» мекені ауданында («Степной» қорықшасы) «Черные земли» қорығымен шекарада

байқалды; ол спутниктен алынған мәліметтер арқылы расталды. Сол уақытта теке шаршап-шалдыққан күйде болды. 19 қаңтар мен 22 қаңтар аралығында бұл текедегі радиомаяктан сигнал «Черные земли» территориясындағы бір точкadan түсті, ал 23-шы ақпаннан бастап сигнал түсудің біт доғарылды. 4-ші наурызда «Степной» қорықшасы мен «Черные земли» қорығының мемлекеттік инспекторларының бірлескен күшімен іздеу жұмыстары басталды. Радиомаякпен ошейник «Волга» мекенінен батысқа қарай 12,5 шақырым қашықтықтан табылды, 6 шақырым «Черные земли» қорығының шекарасынан. Ол жарылып қалған, оның жанынан жүндер мен сүйектің қалдықтары табылған. Мүмкін, теке қасқырлардың құрбаны болған шығар

2012 ж. туған теке ошейнигіндегі радиомаяк, өкінішке орай, тіпті оқта-текте ғана сбоймен сигналдар берді. Ол «Степной» қорықшасы территориясында (мал бағушылар «Двадцатка» поселениясы маңында) табылды. Онда ешқандай зақымдану болған жоқ, сондай-ақ күрестің белгісі немесе ақбөкен қалдықтары да болған жоқ. Мүмкін, текенің өлімі басқа жерде болған шығар, ошейникті бұл жерге адам әкеліп тастаған болар. Бұл ошейниктегі радиомаяқтың жұмысында сбой текені табиғатқа жіберу алдындағы жануарды автокөлікпен тасымалдау кезінде болғаны анықталды.



Қасқыр кемірген радиоошейник.



2013 ж. туған ақбөкенді жіберу және оның қозғалысының карта-схемасы мен радиоошейниктердің табылған жері.

Жай көзбен бақылау кеіндегі біріккен мәліметтер мен спутник арқылы бақылау мынаны көрсетті: 2013 ж. туған теке жабайы популяцияға, мүмкін бейімделіп кеткен, группировкамен бірге жақсы қозғалып жүрген, сонымен бірге, өзінің «жастығына» қарамастан, мүмкін, 14-15 күндей күйлеуге қатысқан және жыртқыштардың (жорамал бойынша, қасқырдың) құрбаны болған. Біз жорамалдаймыз, 2012 ж. туған текеде өзінің репродуктивтік (көбеге қатысу) қызметін орындаған болуы керек, бірақ программа жұмысындағы сбой бұл туралы сеніммен айтуға мүмкіндік бермейді.

Сонымен, ақбөкендер текелерін репатриациялау программасын орындау шеңберінде, Солтүстік-Батыс Прикаспий (Астрахань облысы) территориясында табиғи популяцияға қолда өсірілген және арнаулы дайындалған ақбөкен текелерін бірінші рет жіберу жүзеге асты. Жіберудің табысты болуы ақбөкен санын өсіру шаралары төңірегінде күшті қимылдар (әрекеттер) жасау керектігін байқатты. Көп уақыттан бері түсіп жатқан ақбөкенді Қызыл кітапқа енгізу туралы ұсыныс, біздің пікірімізше, оны сақтауға көмектеспейді, бірақ, керісінше, ақбөкен өсіретін питомниктердің жұмыстарын қиындатады. Келешекте, бұл өсіру саласында істейтін аңшылық шаруашылықтары және басқа да ұйымдардың ақбөкенді сақтау проблемасын шешуге қатысудан бас тартуға әкеп соқтыруы мүмкін; өйткені олардың көптеген атқарып жатқан жұмыстары арқасында ақбөкен тіршілік етіп келеді. Бізге белгілі, СССР мен Ресейде Қызыл кітапқа енгізілген бірде-бір жануар өзінің алғашқы санына жеткен жоқ. Өз тарапынан, дүние жүзілік тәжірибе анықтағанды, сауатты менеджмент популяций *in situ* және *ex situ*, әсіресе осы екеуінің бірігуі, жойылып кету қаупінде тұрған түрлер санының тұрақты қалыптасуының негізі болып табылады.

Авторлар бұл программаның орындалуына жәрдемдескен «Степной» қорықшасы мен «Черные Земли» қорығының қызметкерлеріне үлкен рахметін айтады.


Үстірт қыратындағы көне дәуірдегі аңшылық құрылыстары

Ягодин В.Н., Амиров Ш.Ш.

Өзб. ҒА-сы Қарқалпақ бөлімшесі, Өзб. ҒА-ның қоғамдық ғылымдардың ҒЗИ-ты, yagodin@gmail.ru

Үстірт қыратындағы көне дәуірдегі аңшылық құрылыстар туралы бірінші мәліметтерді археологиялық әдебиеттерден XX-ші ғасырдың орта кезінен кездестіруге болады. 1952 жылы Хорезм археология-этнография экспедиция отрядының бірі Хантерсек (Ербурун) қалашығы жанынан және оған жақын жерден қазба құрылыс тапқан; С.П.Толстовтың жорамалы бойынша, ол саны көп тұяқты аңдарды, оның ішінде ақбөкенде бар, каумалап ұстау арқылы аңшылық жасауға арналған [Ред. жануарларды қорқыту арқылы аңшыларға қарай қуады немесе ловушкаға (құрылған торға) қуып тығады].


XX-ғасырдың 70-шы жылдарының басында ӨзбССР ғылым академиясының Қарақалпақтағы филиалының археология бөлімі Үстірт қыратында ұзақмерзімді археологиялық зерттеу жұмысын бастады. Зерттеу процесіне барлық хронологиялық топтар мен категориялар, оның ішінде көне дәуірдегі аңшылық құрылыстары – арандар бар [Ред. Арандар туралы қысқаша мәліметтер қарақалпақ Үстіртінде орналасқан, SN-16 номерінде жарияланған]. Көпжылдық археология - топографиялық зерттеулер нәтижесінде аэрофотоснимкалар әдістерін қолдану арқылы және одан кейін картаға түсіру арқылы көне дәуір құрылыстарының үлкен системасы ашылды; ол «Оқтәрізді планировкалардың солтүстікүстірттік системасы» деп аталады. Оқтәрізді планировкалар Үстірт қыратының Шығыс чинкінде, 7 шақырым солтүстікке Дуана мүйісіне тізбектеліп келіп, одан әрі солтүстік-батысқа қарай созылып, сорлы ойпаттар Қосбұлақ пен Асматай-Матай бағыттарына қарай кетеді. Табылған аңшылық құрылыстар системасы екі подсистемаға: I-ші және II-ші подсистемаларға бөлінді; олардың әрқайсысы жеке бөлек планировкалардан тұрады (сурет 1). Система «пассивті» аңшылық жасау



Сурет 2. Оқтәрізді планировкалардың солтүстікүстірттік системасы. Космосснимканың планы.

формасы екені анықталды; жабайы тұяқтылардың, оның ішінде ақбөкеннің де, «тұтас үлкен популяцияларына» олардың маусымдық қоныс аудару кезінде осындай форма қолданылған.


Космостан түсіру, компьютерлік техникалар және геоинформатикалардың дамуына байланысты оқтәрізді планировкаларды олар кездесетін барлық территорияларда зерттеуге мүмкіндік ашылды. Дистанциондық территорияларды тексеру Google Maps және Bing Maps программасы көмегімен жүзеге асты; топографиялық негізге TopoMapper.com и Marshruty.ru сайттарда келтірілген карталар алынды. Космос снимкалары мен топокартаға шолу SASplanet арқылы талданады. Соның нәтижесінде, өткен ғасырдың 70-шы жылдары анықталып зерттелген оқтәрізді планировкалардың екі группасына басқа, тағы да бұрын белгісіз 12 группа табылды (сурет 2). Жалпы алғанда оқтәрізді планировкалар үлкен территорияларды алып жатыр: шығыстан батысқа қарай 155 шақырымды және солтүстіктен оңтүстікке қарай 82 алып жатыр (сурет 2). Зерттелген құрылыстар группалары оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр және Арал теңізі мен сорлы ойпаттар, чинктер аралықтарындағы үлкен кеңістікті жауып жатыр (сурет 2). Группалар үш типке бөлінеді (сурет 3):



Сурет 1. Дистанциондық зерттеуге ұшыраған Үстірт қыратының участогі.

сектор), батысқа немесе шығысқа қарай ауытқан және «оқ немесе жебелер» оңтүстік бағытқа қарай бағытталған (оңтүстік сектор). Бұл сияқты типтегі ловушкалар жабайы тұяқты жануарлардың мінез-құлқындағы ерекшеліктерді ескеріп салынған және олардың маусымдық қоныс аударатын жолдарына орналастырған. Олар аңшылық жасау процесінде адамның аз қатысуын қажет етеді. Егерде кірістер мен «оқтар» солтүстікке бағытталса құрылыстар күзгі қоныс аударуға яғни жануарлардың оңтүстікке қарай қозғалуына сәйкес салынған. Кірістері мен «оқтары немесе жебелері» оңтүстікке қарай бағытталған планировкалар жануарлар солтүстікке қарай жылжығанда көктемгі қоныс аудару кезінде жұмыс істейді. Бұл екі варианттағы аңшылық құрылыстары арасындағы сандық қатынастар көңіл аударарды. Егерде I-ші вариант 68 болса, ал екінші вариант тек 18 ғана.

Тип II көрініс жоспарында дөңгелек, эллипстеріздi немесе «үшбұрышты» қоршау түрінде көрінеді, бұл типтегі құрылыстардың мөлшерлері 190 x 170 м дейін көлемде болады. Барлығы олардың 25-тей.




Сурет аға жыланынан түсірілген

Сурет 4. Буланбай группасынан құрылыс, солтүстік-шығыстан қарағанда.

Тип III құрылыстар Буланбай, Шийоба және Жарықпак-2, группаларында байқалған; олар сортаңды Қосбұлақ пен Асмантай-Матай шұңқырлар арасында орналанған (сурет 4) әрі осы екі ойпаттар арасы арқылы қозғалатын және өтетін жануарлар жолдарын толық жабады. Бұл типтегі құрылыстардың мөлшері 430 метрден 550 метрге дейін созылады. Құрылыстың бұл варианты конструкция жағынан құрылыстың бірінші типін еске түсіреді: мұнда «қап» және оқтәрізді қоршаулар кездеседі. Сондықтанда былай жорамалдауға болады: олар тұяқты жануарлардың көктемгі және күзгі қоныс аудару кезінде қолданылған. Барлығы системада осы типтегі құрылыстардың 7 табылған.

Онашақты система, негізінен, біркелкі оқтәрізді планировкалар, үлкен территорияларды қамтитын, өздерінің қалыптасуы үшін зор еңбектенуді қажет етеді, соған байланысты бірауқытта пайда болуы мүмкін емес. Бірқатар белгілер құрылыстардың әуақытта пайда болғанын көрсетеді.



Сурет 3. Оқтәрізді құрылыстардың типтері: Тип I – 1, 2; Тип II – 4, 5, 6; Тип III – 3.

Көптеген планировкаларда олардың бірнеше рет салынғаны туралы іздері табылған (сурет5). Типті анық, Солтүстікүстірт системасын салу үшін, жоғары да сипатталған шекарада, жеткілікті ұзақ мерзім қажет болды. Бұл системаны салу мен пайдалану, әрине, бұл ауданда көне дәуірде жергілікті тұрғындардың үлкен группасының көп уақыт тіршілік етуін қажет еткені белгілі. Үстірттың осы ауданында едәуір көптеген археологиялық ескерткештер-діни-жерлеу курғандары табылған, ол бұл жерлерде көне заманда адамдардың қоныстанғанын көрсетеді. Олар мал бағумен бірге барлық Солтүстікүстірт оқтәрізді планировкаларды салумен әрі оларға қызмет жасаумен айналысқан, жабайы тұяқты аңдарға аңшылық жасаған; мүмкін, аңшылықтан түскен өнімдерді өңдеумен шұғылданған болар. Бірінші рет оқтәрізді планировкалар типіндегі құрылыстар біздің ғасырға дейін I-ші мыңжылдықтың орта кезінде пайда болған; оларды тұрақты пайдалану, кейбір өзгерістерді енгізу мен жетілдіру арқылы, біздің эраның VII-ғасырына дейін - VIII ғасырда пайдалану жалғасқан.



Космостан түсірілген (Bing Maps™)

Сурет 5. Дуана моласы ауданындағы бірнеше рет қайтадан құрылған оқтәрізді планировкалар.

Арал-Каспий теңіздері аралығындағы көне дәуірдегі аңшылық құрылыстары системасында оқтәрізді планировканың солтүстікүстірт системасының бұл регион үшін уникалды екенін атап өткен жөн. Ол аң аулаудың «пассивті» формасына жатады яғни жабайы тұяқты аңдардың маусымдық қоныс аудару кезіндегі трассаларда (жолдарда) жануарлардың үлкен группировкалары өткен кезде аңшылардың қатыспай-ақ аңшылық жасау. Бұл аңшылықтың масштабтылығы аңшылықтан түскен өнімдерді алғашқы өңдеуді ұйымдастыруды қажет етеді. Ол Үстіртте жұртшылықтың белгілі бір группасының ұзақ уақыт

болуымен байланысты болды. Одан әрі өздерінің Дуана моласын қалыптастыруға және аңшылық культтар үшін діни құрылыстарды салуға әрекет жасайды. Ал, қазіргі уақытта белгілі көптеген аңшылық құрылыстар, Үстірт пен Маңғыстаудың әртүрлі аудандарындағы, кейінгі мезгілге IX-XIV ғасырларға жатады және олар аңшылық жасаудың «Активті» формасына жатады. Олар бөлек-бөлек орналасқан, бірлестірілген система құрмайды. Аңшылық жасаудың «Активті» формасын пайдалану аң аулаудың «пассивті» формасындай үлкен масштабта болған жөк; мүмкін, кейде спорттық мәні болар, бірақ кәсіптік мәні болған емес.

Ақбөкенді сақтау – олардың өмірлік ісі



Сурет Ж.Ф. Лагерь

Ред.: Қашан Сізді бірінші рет ақбөкендер қызықтырған еді?

Ю.А.: Алғашқы рет маған ақбөкендерді көру «құстардың ұшу биіктігінен» - АН-2 самолетімен бұл жануарларға санақ жүргізу кезінде 1963 жылы болды. Сол жылдары ақбөкендер саны көп болатын, сол кезде санақ жүргізушінің көз алдынан жүздеп, тіпті мыңдап жорттып бара жатқан жануарлар өтетін. Қызығушылық, әрине, сондай әсер ететін көрініс. Одан әрі маған бірнеше рет ақбөкендерге самолетпен санақ жүргізу жұмыстарына қатысуға тура келді; әрине, сол кезеңде мен ғылыми зерттеу жұмыстарын басқа тақырыпта жүргізетінмін (таудағы тұяқтылар, ірі жыртқыштар); мен сондай ынтамен тек қана санақ жұмысына ғана емес, мүмкіндігінше, ақбөкен экологиясын зерттеудің барлық экспедициялар жұмыстарына қатысар едім. Бұл таңқаларлық жануарлар, мүлде, өздеріне тартып әкетеді.

Ред.: Сіз ақбөкенді зерттеу мен сақтау жұмыстарын қашан бастадыңыз?

Ю.А.: Ақбөкенді зерттеу тақырыбы біздің сүтқоректілер лабораториясы үшін басты тақырып болатын, Ұзақ уақыт бұл лабораторияны (1978 ж. дейін) көрнекті ғалым-зоолог Аркадий Александрович Слудский басқарды; ол Қазақстанда ақбөкенді системалық зерттеу жұмысын бастады. 1966-1980-шы жылдары ақбөкен экологиясын зерттеумен В.А.Фадеев айналысты. Сол жылдардағы зерттеулердің нәтижелері «Ақбөкен Қазақстанда» кітабында қортылды (Фадеев, Слудский, 1982). Виталий Андреевич Фадеевтің (1987 ж.) мезгілсіз қайтыс болғаннан кейін, мен ақбөкен тақырыбының жауапты орындаушысы болдым, бұл тақырыпта осы күнге дейін зерттеу жұмыстарын жүргіземін.

Юрий Александрович ГРАЧЕВ – Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің зоология институтының жетекші ғылыми қызметкері, биология ғылымдарының кандидаты. Ғылыми қалау саласы – экология, сүтқоректілерді қорғау мен пайдалану, негізінен, тұяқты және жыртқыш аңдар. Бұл салада жұмыс стажы – 50 жылдан асады (1962 жылдан). Ақбөкен жөніндегі көптеген мақалалардың авторы және коллективті монография «Ақбөкен (шығу тегі, систематикасы, экология, қорғау, пайдалану)» (Мәскеу, 1998) авторларының бірі. Юрий Александрович – дүние жүзінде аты танымал ақбөкен жөнінде эксперт, оның пікірімен сондай терең құрметпен әрі таңданумен мамандар санасады.

Ред.: Сіздің әдеттегі күндік жұмысыңыз қалай өтеді?

Ю.А.: Экспедицияда дала жағдайында жұмыстар атқарғанда уақыттың көп бөлігі ақбөкендерді бақылауға (бинокльмен, көру трубасы арқылы), маршруттар бойынша санақ жүргізуге, көптеп төлдеу кезінде – лақтарға сырға тағуға, оларды өлшеуге, жынысын анықтауға және тағы басқаларға кетеді. Қалада – жиналған материалдарды өңдеу, есептер, мақалалар жазу, мәжілістер мен конференциялар ғақатысу уақыттың көбін алады.

Ред.: Сіз бізге ақбөкендер туралы қызықты кейбір оқиғаны айта аласыз ба?

Ю.А.: Ақбөкендерде, кейбір жағдайда түсініксіз, көптеген әртүрлі қызықты мінез-құлықтар байқалады. Мысалы, сулардан өтуді жеңу... Бірде көктемде (мамыр айы) біздің лагерь Торғай өзені жағасында еді. Айналамызда ақбөкендер көп болды, олар бірнеше рет, ешқандай себепсіз, біресе өзеннің бір жағына, біресе екінші жағына жүзіп, шомылып жатты. Бізде олар «шомылуды ұнатады» деген ой қалды. Ал, қараша айында, мұз түсер алдында ақбөкендер тобы өздерінің жолында әжептәуір үлкен көлді кездестіріп, тоқтаусыз оны кесіп өткен; тіпті көлді әр жағынан айналып өтуге болатын еді.

Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы негізгі проблемалар қандай?

Ю.А.: Алдымен, ғылыми зерттеулерді мардымсыз қаржыландыру. Сол себепті зерттеу жұмыстарына маман жастарды тартуға мүмкіндік жоқ.

Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы кедергілерді қалай жоюға болады?

Ю.А.: Тек қана мемлекеттік ғылымды, оның ішінде

ақбөкенді зерттеуде бар қаржыландыру.

Ред.: Сіздің жұмысыңыздағы ең жақсысы не?

Ю.А.: Дала экспедициясы қуантады, жануарларды бақылау мүмкіндігі, ақбөкенді зерттеумен, сақтаумен айналысатын әртүрлі елдердегі достар мен коллегалармен пікір алмасу.

Ред.: Ақбөкенді сақтаудың келешектері қандай?

Бұл түрге тірі қалуға көмектесу үшін, бірінші кезекте, не істеу керек?

Ю.А.: Қазірде Қазақстанда ақбөкендер саны, 1990 жылдардағы қауіпті жағдайдан соң, өсуде, бұл бізге жақсы үміт арттырады. Бірақ, браконьерлік жалғасуда, жануарлардың аурулардан жаппай өлім-жітімге ұшырауы байқалады. Соған байланысты соңғы жылдары ақбөкен ауруларын арнаулы зерттеу басталды, кездейсоқ оқиғалардан соң емес. Браконьерлікпен күресу күрделірек және мұнда барлық табиғат қорғау органдарының коллективті күштері керек, сондай-ақ жергілікті халықпен ұзақ уақыт еңбекті көп қажет ететін жұмыстар істеуді қажет етеді. Бірақ жаңа мыңжылдықтың басында байқалған ақбөкенді жоғалтып алу қаупі өтіп кетті.

Ред.: Сіз жануарлардың сирек түрлерін зерттеу әрі сақтау мәселесімен бір ғана онжылдықта ғана емес жұмыс істейсіз. Бұл жылдары не өзгерді, бұл саладағы қазіргі тенденция қандай?

Ю.А.: Жалпы алғанда, біріншіден, Қазақстанда жануарлардың сирек түрлерін қорғау жақсарды; ол жаңа ұйымдастырылған және бар ерекше қорғалатын территориялар – ұлттық парктер, табиғи резерваттар, қорықтар ұйымдастырумен, кейбіреулерінің территорияларын кеңейтумен байланысты болды. Тұяқты аңдардың сирек түрлерін (арқарды,



Сурет Ж.Ф. Лазаровікі

Юрий Грачев пен Алин Кюль жаңа туған ақбөкен лағын өлшеуде.

қарақұйрықты, құланды, бұқар бұғысы мен ақбөкенді), зерттеумен және қорғау саласында, 2005 жылдан бастап, сомалық программалар жұмыс істейді.

Хабарландыру

Жас мамандар үшін табиғатты қорғау саласындағы сыйлықтар

2014 жылдың маусым айында алғашқы рет табиғатты қорғау саласындағы сыйлықтардың жеңімпаздары – жас мамандар анықталды; біздің ойымызша, бұл сыйлық жылсайын берілетін болуы мүмкін. Сыйлық ақбөкенді сақтау саласында жұмыс атқарып жүрген жас өспірімдердің келешек ұрпақтарын және дала антилопасының таралу ареалдарында жұмыс істейтін жетекшілерді қолдауға бағытталған. Сыйлық жас мамандардың жұмысын қаржыландыратын болады; олардың ақбөкен мекендейтін таралу ареалында бірлескен сеттер құрудағы қосқан үлестері ескеріледі. 2014 жылдың сыйлығы жабайы табиғатты сақтау сеттерін (Wildlife Conservation Network) қолдау үшін берілді. Біз барлық біздің донорларға, бізді жақтаушыларға, әсіресе, WCN (жабайы табиғатты сақтау ұйымы) арқылы Джой Ковет семьясын бұл проектіге өзінің үлесін қосқаны үшін үлкен алғысымызды айтамыз.

Сыйлықты алуға өтінішті жастары 18-30 арасындағы ақбөкен мекендейтін елдердің бірінде тұратын және ақбөкенді сақтау саласында істейтін кезкелген мамандар бере алады. Әрбір жеңімпаз 1000 АҚШ доллары

көлемінде сыйлық алады, ол олардың жұмыстарын 12 ай бойы қолдауға бағытталған. Жас жетекшілерге де көмек көрсетіледі және SCA-дан консультация алады. Мамыр айында үш жас жетекшілер таңдалып алынған: Ольга Есипова – Өзбекстан, Айгуль Айтбаева – Ресейден және Сергелен Эрдэнэбатар - Моңғолиядан.

Біз жас адамдардан өздерін таныстыруды және бұл программа келесі жылы олардың жұмыстарын орындауға көмектесетіні туралы қысқаша резюме жазуды сұрадық.

Айгуль Айтбаева, Россия.

Маған ақбөкеннің қиын жағдайы өте белгілі, өйткені мен Қалмақия Яшкөл ауданы территориясында тудым және тұрдым; бұл территория Солтүстік-Батыс Прикаспийдегі ақбөкен мекендейтін негізгі аудандардың бірі. 2011 жылы Астрахань мемлекеттік университетін бітіргеннен кейін Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығында жұмыс істеуді бастадым. Мен онда соңғы үш жылда жұмыс істеймін және күн сайын мен үлкен тәжірибе жинаймын әрі Орталық жұмысына белсене араласамын.



Менің жұмысым өте әралуан, бірақ бәрінен бұрын мен экологиялық білім саласында маманданудамын – бұлар ақбөкенді қорғау туралы балалар үшін лекция, әртүрлі шаралар ұйымдастыру, мысалы, жылсайынғы мейрам «Ақбөкен күні» және біздің Орталыққа қарайтын «Яшкөл» питомнигіне балалар үшін экскурсиялар ұйымдастыру. Мен Яшкөл поселкасында балалардың экологиялық клубы «Тірі мұраны» («Живое наследие») басқарамын. Келешекте осындай клубтарды басқада поселкаларда ұйымдастыруды ойлаймын; сондай-ақ табиғат қорғау шараларына көптеген жастарды қатыстыруға тырысу қажет.

Табиғатты қорғау саласындағы жас мамандар сыйлығы маған 5-7 кластағы балалар үшін көркем безендірілген "Таңғажайып көшпенді" атты буклет шығаруға көмектеседі. Бұл брошюра ақбөкен жөнінде және оны қорғау туралы хабардар болуын күшейтеді. Балалардың оған деген қызығушылығын арттырады. «Таңғажайып көшпенді» брошюрасы ақбөкенді сақтау Альянсы қамқорлығы арқасында орындалып жатқан әртүрлі проекттер шеңберінде алыс малшылар тұрған мекендерде барған кезде таратылады. Сонымен бірге, біз көбірек ақша табуға тырысамыз, сол арқылы брошюраны Қалмақия мектептеріне, тіпті одан да әрі, таратуға күш саламыз.

Ольга Есипова, Өзбекстан.



Менің жұмысым ақбөкенді сақтау саласында екі жыл бұрын басталды; бірінші рет мен табиғатты қорғаумен қызыққан кезде. Мен ақбөкен жөніндегі Ресурстық орталық үшін ағылшын, орыс тіліндегі аудармаларды орындадым және Үстірт қыратына баратын далалық экспедицияларға қатыстым. Мұндай жұмыстар маған мынаны түсінуге көмектесті: мен ақбөкенді сақтауға өз үлесімді қосуыма болады екен, сондықтан волонтер (еріктілер) ретінде ақбөкенді сақтау Альянсына (SCA) көмектескеніме бақыттым деп санаймын.

Соңғы айларда маған ақбөкенді қорғауға бағытталған әртүрлі проекттер мен шараларға қатысуға тура келді. Менің міндеттеріме Қарақалпақияның тарихы мен мәдениеті туралы анықтама мәліметтерін жинау, Saiga Нью сайтына мақала жазу, сондай-ақ қарақалпақ кестелерін әсем өрнектеу үшін кескіндер таңдап алу, олардың символиктерін түсіндіру кіреді. Мен ақбөкен туралы өлең шығару процесіне және видеоклип түсіруге қатыстым, сонымен бірге ассистент – аудармашы ретінде, фотоловушкаларға арналған семинарларға қатыстым. Менің соңғы, мүмкін, ең бағалы тәжірибем, жергілікті мектептердің бірінде негізгі түр ретінде ақбөкенді бейнелейтін фрески (суреттер) салу проектісіне суретші және аудармашы ретінде қатысу болып табылады.

Маған жастармен қатынасу өте ұнайды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жас мамандар сыйлығы маған өзімнің уақытымды дала клубтары мен жергілікті мектептердің жұмыстарына арнаймын; оларда ақбөкен жайында балалардың хабарлас болуын күшейту шаралары жүзеге асуға тиіс. Мысал ретінде 2014 жылдың күзінде жоспарланған «Қоныс аударатын жануарлар күнін» өткізуді келтіруге болады. Мен балалар үшін тапсырмалар дайындауды жоспарладым, сондай-ақ жабайы табиғатты қорғау туралы сабақ немесе кейбір шараларды дайындау жоспарда бар. Сонымен бірге маған жақсы экологиялық проектке конкурс ұйымдастырғымда келеді, оған жергілікті поселкалардан балалар қатысады ғой. Менің ойымша, ақырында бұл балаларда табиғатқа деген сүйіспеншілік, қызығушылық тууына көмектеседі және тіпті, жас экологтардың жаңа ұрпақтарын шабыттандырады.

Сергелен Эрдэнэбатар, Монғолия:



Мен Монғолияда Ховд провинциясында тұрамын және НПО «Алтайн Нуделчид» және WWF-та (жабайы табиғаттың дүниежүзілік қоры) жұмыс істеймін. 2013 жылдың маусым айынан ақбөкенді қорғау саласында жұмыс атқарамын. Мен үшін есте қаларлық тәжірибе «Ақбөкен мекендейтін аралда екі қорғалатын табиғи территориялар үшін (қорықтар Манхан мен Шарга) басқару жоспарын дайындау» проектісі болды. Бұл проект үшін мен жергілікті жақтар мен қоғамдық өкілдердің мүдделерін ескере отырып, басқару жоспарын жасадым. Қазірде Монхан қорығын басқару жоспары мақұлданды (қабылданды), ал Шарга қорығын басқару жоспары қарауға ұсынылды.

2013 жылдың қараша айында ақбөкен жөнінде материалдар жинауға қатыстым. Біз ақбөкеннің негізгі мекендейтін территорияда табысты зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Сонымен бірге мен ақбөкеннің таралу территориялары қаншалықты қалпына келгенін

анықтау максатында жергілікті тұрғындардан мәліметтер жинауға қатыстым. Бұл зерттеулердің нәтижелері ақбөкенді сақтау жөніндегі келешек шараларды жоспарлау үшін пайдаланатын болады, сондай-ақ ақбөкеннің таралу картасын жаңартуға қолданылады.

Табиғатты қорғау саласындағы жас мамандар сыйлығы маған ақбөкенді одан әрі зерттеуге көмектеседі. Мен жергілікті егерлердің және жоғарғы оқу орнының екі студентінің қолдауымен ақбөкеннің төлдейтін жерлерін анықтауды жоспарлап отырмын. Ақбөкеннің төлдейтін жерлерін анықтау өте маңызды,

өйткені жыртқыш құстардың шабуыл жасауы мен аурулар жаңа туған ақбөкен лақтары үшін негізгі табиғи қауіптер болып саналады. Біз Дарган Хурен Таледі қадағалау жүргіземіз. Бұл территория ақбөкен үшін өте маңызды, бірақ аз зерттелген. Онда ешқандай табиғат қорғау шаралары жүргізілмейді. Бұл ауданның маңында браконьерлік ең жоғары деңгейде екенділігі белгілі болды, сондықтан ақбөкенді сақтау программасын жүзеге асыру өте маңызды. Қадағалау (тексеру) жоспарланған маршруттар бойынша жүргізілетін болады. Алынған мәліметтер одан әрі зерттеу жұмыстарын жоспарлағанда және табиғат қорғау шараларын жүзеге асыруда пайдаланатын болады.

Ақбөкен қорғау ісіндегі табыстары үшін сыйлық, SCA-ның доноры және досы Джой Ковейді еске алу



Солдан оңға қарай: «Степной» қорықшасының инспекторлар командасы, Ырғыз-Торғай резерватының анти-браконьерлік командасының мүшелері және Басайхан Бальжиним.

Сыйлық жеке адамдарға немесе үкіметтік және үкіметтік емес ұйымдарға арналған, ол соңғы 12 ай ішінде ақбөкенге браконьерлік жасаушылармен күрес жүргізуде ерекше жол көрсеткен және үлкен табысқа жеткендерге беріледі.

Барлық кандидаттар жоғарғы квалификациялы мамандар, және олардың үлкен табыстарын ескере отырып, біз бір (бірінші сыйлық - 1000 доллар АҚШ, екі-екінші сыйлық – 750 доллар АҚШ әрқайсысына үш кандидатқа беруді ұйғардық:

- Бірінші сыйлық: Ырғыз-Торғай резерватының (Қазақстан) анти-браконьерлік командасына берілді. Бұл

команданың тымсыз жұмысы соңғы жеті жылда ақбөкеннің бетпақдала популяциясының өсуін қамтамасыз етті.

- Екінші сыйлық: «Степной» қорықшасы (Ресей) инспекторлар командасына берілді. Олар Солтүстік-Батыс-Прикаспий далаларында ақбөкендерді сақтап қалу үшін экстремальды қиын жағдайда жұмыс істейді.

- Екінші сыйлық: Батсайханға Бальжинимге, мемлекеттік табиғат қорғау инспекторына (Моңғолия). Оның басшылығымен ақбөкенді сақтау инспекторларының моңғолдық сеті табиғат қорғау заңдылығының региональдық моделіне айналған.

Барлық жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Лондонның Зоологиялық қоғамы антилопаны сақтау жөніндегі еңбегі үшін Дэвид Маллонады марапаттады

Лондонның Зоологиялық қоғамының Стэмфорд Раффлза атындағы сыйлық (ZSL) зоологияға зор үлес қосқаны үшін немесе әуесқой-зоологтарға олардың кәсіби мамандықтарынан басқа қызметтеріндегі табыстары үшін беріледі. Биылғы жылы сыйлық ақбөкенді сақтау Альянсының үлкен досы әрі Альянстың қамқорлық Советінің мүшесі - Дэвид Маллонға берілді. Төменде біз сыйлықты тапсырудағы Лондонның Зоологиялық қоғамының ұсынуынан үзінді келтіреміз: “Оның экология жөніндегі консультант және Ұлыбританиядағы лектор жұмыстарынан басқа – Дэвид – халықаралық табиғат қорғау қозғалысының байқалмайтын батыры. Халықаралық табиғат қорғау қоғамының антилопалар жөніндегі мамандарды біріктіретін группаның председателінің орынбасары ретінде МСОП, Фауна және Флора Интернэшнл және басқа да ұйымдар үшін ол үлкен табиғатты қорғау жұмыстарын орындайды. Дэвидтың негізгі жұмыстары Орталық және Шығыс Азия, Индия және Таяу Шығыста өтеді. Ол Қызыл тізімдер үшін, 1989 - жылдан бастап, антилопалардың статустарын бағалау жұмыстарымен



Дэвид Маллон Лондонның зоологиялық қоғамынан алған наградасымен.

айналысады: авторлары бірі болып саналады. Антилопалардың әрекеттері МСОП жоспарының, Солтүстік Африка, Таяу Шығыс және Азия жөніндегі жұмыстарының. Дала жұмыстарында үлкен тәжірибесі бар және Дэвид өте білімді маман, сонымен бірге оның тілдерді жақсы білетіндігі де табиғатты қорғау ісінің табысты болуына себебін тигізді. Қысқаша айқанда, Дэвид антилопалар жайында халықаралық экспертиза өткізуге қатысты; сол арқылы дүние жүзілік қауымдастықтарды тартуды күшейту – бұл жануарларды сақтау мәселелерін шешуге көмектеседі. Оның

Жұмысы антилопалардың аз зерттелген түрлерін зерттеуге бағытталған, антилопалардың жойылып кету қаупі бар түрлерін сақтау үшін олар тараған елдерде бұл аңдарды далалық зерттеуді қолдайды; бұл жануарлар жойылып кеткен елдер оларды реинтродукциялау жұмыстарын қолға алу қажет; және МСОП-тың Қызыл тізімі үшін түрлердің статустарын тұрақты бағалауды өткізіп тұру қажет. Бұл жұмыстың барлығын Дэвид аз қаржы жұмсап немесе ақысыз жасаған».

Дэвидті үлкен наградасымен құттықтаймыз!



Сурет: Е. Полонский/Фотобанк

«Степной» қорықшасында ақбөкендер суатта, Астрахань облысы, Ресей.

Алғыстар

Ақбөкенді сақтау Альянсының жұмысын қолдағаны үшін өздерінің ақшалары мен уақыттарын бөлген адамдардың барлығына біз шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Біз WCN қызметкерлері мен волонтерлеріне бізді қолдағаны мен көмектескендері үшін рахметімізді айтамыз. Біз сондай-ақ WCN, WWF-Моңғолия, WCS-Қытайға осы номерді шығаруды қолдағаны үшін ризашылдығымызды білдіреміз.

Редакция алқасы. Ұлыбритания проф. Э.Дж. Милнер-Гулланд [редактор-консультант], Лондонның Империял Колледжі (e.j.milner-gulland@imperial.ac.uk); Қазақстан: Ю. Грачев, проф. А. Бекенов, Зоология институты (teriology@mail.ru), Г. Изимбергенова, АСБК (gulmira.izimbergenova@acb.kz); Қытай: Аили Канг (akang@wcs.org) және Фенглиан Ли (fli@wcs.org), WCS-Қытай; Моңғолия: Б. Лхагвасурен (lkhagvazeer@gmail.com) және Б. Чимеддорж (chimeddorj@wwf.mn), WWF-Моңғолия; Ресей: А.Лущкина, Экология және Эволюция проблемасы Институты (saigak@hotmail.com) және Ю. Арылов, Қалмақия Республикасының жабайы жануарлар Орталығы (saiga-center@mail.ru); Өзбекстан: Е. Быкова [жауапты редактор] және А. Есипов өсімдіктер мен жануарлар дүниесі генофонд Институты (esipov@xnet.uz); В.Григорьев [дизайн, верстка], mooglik@mail.ru.

Бұл баспаны онлайннан алуға болады www.saiga-conservation.com, <http://saigak.biodiversity.ru/publications.html> немесе сұраныш бойынша басылған данасын ағылшын, қазақ, қытай, моңғол, орыс және өзбек тілдерінде редакторлардан алуға болады.

Алты тілдердің бірінде жазылған материалдарыңызды бізге жіберуге болады. Оларды мына адреске жіберулеріңізді esipov@xnet.uz немесе редакторлардың біріне. Бюллетень жылына екі рет шығады. Авторлар үшін ағылшын және орыс тілдеріндегі ережені табуға болады www.saiga-conservation.com немесе сұраныш бойынша редакторлардан алуға болады. Егерде сіздерде сұрақтар туса, өз елдеріңіздегі *Saiga News* редакторымен байланысыңыздар немесе жауапты редактормен - Елена Быковамен (esipov@xnet.uz).